

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ	02
Гүлмира Ауызбайқызы Умуртаева Зейінгі психологтың кішігірім құпиялары	
МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ	04
Роза Рыспайқызы Омашева Психолог – ұжымның ұйытқысы	
АРТТЕРАПИЯ	07
Риязат Асқарова Арттерапия элементтерін пайдаланып, оқушылармен коррекциялық жұмыстар жүргізу	
МОЛОДОМУ ПЕДАГОГУ	08
Гүльбахар Тохтасуновна Садирова Формирование портфолио молодого учителя (Доклад)	
ОТБАСЫ ПСИХОЛОГИЯСЫ	12
Айгүл Семғалиқызы Серікбаева, Альбина Тоғызбайқызы Тасқалиева «Айналым ана деген асқақ аптан»	
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ	14
Салтанат Әбітайқызы Бұралқиева Сезімдер	
ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӨМІР САПАСЫ ТРЕНИНГТЕРІ	15
Қорлығайын Изетқызы Қамшыбаева Денім сау болсын десең...	
ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ	17
М.Е.Ахметова, Д.М. Акимгузина «Жылы жүрек - жақсы қасиеті»	
ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ	19
Гүлім Тарғынқызы Тәждәулетова Достық - өмір мәні	
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТРЕНИНГТЕРІ	20
Айнаш Қуанышқызы Есбосынова «Адам мінезімен танылады»	
ІСКЕРЛІК ТРЕНИНГІ	23
Анар Қалдыбекқызы Жұманова Оқытушылардың бойындағы кәсіби іс-әрекеттерінің жеке стилін қалыптастыруға арналған тренинг	
ТҮЗЕТУ ПЕДАГОГИКАСЫ	25
Үміт Есенбаева Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қазіргі жағдайдағы кәсіби тұрғыда оқалту мен әлеуметтік жұмыстың психологиялық мәселелері	
ТАНЫМДЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ДАМУ	27
Соныбекова Г.М. Сиқырлы сандар	
ТҮЗЕТУ ПСИХОЛОГИЯСЫ	30
Гүлжауһар Әбдіманапқызы Өтеулиева Вз ортаңызда қандайсыз?	
ТӘРБИЕЛІК ШАРА	31
Айгерім Уапқызы Құсайынова Қуанырып біздерді, мерекелі күз келді! [2 сынып]	
САМОПОЗНАНИЕ	33
Гүлмира Шайдуллина Быть трудолюбивым	
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН	35
М.Е.Ахметова «Үшқыр ой»	
БАЙЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ	37
Джон Рокфеллердің ұстанымдары	
ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ	38
Сайлаубаев Жандос Зарыққанұлы Комекші мектептегі оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуының арнайы педагогикалық дидактикалық алысшарттары	

Қызықты ПСИХОЛОГИЯ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
ТАНЫМДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№4, 2014
(Сәуір – апрель)

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ,
ПОЗНАВАТЕЛЬНО-
ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

2008 жылдың қаңтар айынан шыға
бастады

Құрылтайшы
«Үйлесім» тренинг орталығы ЖК

ҚР Мәдениет және ақпарат
Министрлігінің №10837-Ж куәлігі
07.07.2011 ж. берілген
Алғашқы есепке қою мерзімі
16.10.2007 ж.
Жазылу индексі: 74077

Бас редактор
Жаңагүл ҚАЙЫРОВА

Дизайнер
Айнұр Маханбетжанова

Біздің тұрағымыз:
050054, Алматы қаласы,
С.Сейфуллин көшесі, 511 үй, 2 пәтер
Тел. + 7 701 479 79 39
+7 701 380 91 60

Эл. пошта:
kyzykty_psy@mail.ru;
zhanagul-kair@nur.kz

Басуға 15.04.2013 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Таралымы – 2500
Индексі – 74077

Құрметті авторлар! «ҚЫЗЫҚТЫ ПСИХОЛО-
ГИЯ» журналында жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдірмейді. Жарнаманың
мазмұнына, фактілер мен мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар
мен фотосуреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды. Журналға шыққан материал-
дарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға
болмайды.

Уважаемые читатели и авторы! Опубликованные
материалы в журнале «ҚЫЗЫҚТЫ ПСИХОЛО-
ГИЯ» не отражают точку зрения редакции. Ответ-
ственность за содержание рекламы и достовер-
ность фактов и сведений в публикациях несут
авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются
и не возвращаются. Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале допускаются только с
согласия редакции.

Зейінді психологтың кішігірім құпиялары

Гүлмира Ауызбайқызы Умуртаева

Ы. Алтынсарин атындағы
дарынды балаларға арналған
мектеп-интернатының психологы,
Қостанай қаласы,
Қостанай облысы

Адамдардың сөйлеген сөздері олардың шын мәнінде ойлағаны мен сезгеніне әрдайым сәйкес келе қоймайды. Бірақ мұндай жағдайларды қалай түсініп білуге болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін ым-ишара мен дене бітімінің тілін білу қажет, себебі, адамның ішкі жан дүниесі, ойы, эмоциясы мен оның армандары туралы нағыз маңызды мәліметтер осы болып табылады.

Маған, мектеп психологы ретінде сабақтарға көбірек кіруге тура келеді. Сабаққа кірудің барысы баланың тәртібін бақылау, сабаққа дайындалуын қадағалауда жатыр. Мен әріптестерімнің назарына өз қадағалауларымның нәтижелерін ұсынғым келіп отыр және де бұл нәтижелер тек қана психологтарға ғана емес, әр мұғалімге, әр ата-анаға, балалармен жұмыс атқаратын барлық педагогтарға қызықты болар деп есептеймін.

Менің ойымша жеке тұлғамен танысу, мұғалімнің сыныпқа кірген-ақ сәтінен басталады. Оқушылардың сәлемдесу барысындағы жағдайы мұғалімге (есік алдында тұрса, орнынан тұрса, орнында отыра берсе), әр балаға баға беруге толық жол ашады. Баланың мінезі ашық, әлде керісінше тұйық екенін осыдан білуге болады. Оқушының қалыбы тыңдау үдерісінде баланың небір ақпаратты қабылдауға ашық немесе жоқтығын білдіреді. Егер бала алға қарай бүгіле отырса, онда ол білім нәрін сусындауда, немесе бала артқа ауытқып, орындықта теңселіп отырса, оқуға мүлдем ынтасы жоқ екенін көрсетеді. Мұғалімдерге бұл оқушының қалыбы ұнамауы бекер емес. Анда-санда оқушылар орындықтан төмен қарай ауытқиды, бұл

қылығымен бала ақпараттың тасқынынан партамен «қорғанғандай» болады. Егер де бала партаға кеудесімен сүйеніп отырса (мұндай қалыпта бала бүкірейе бастайды), баланың сабаққа жауапкершілігі мол екенін көрсетеді. Сабақты жазу кезінде дәптердің партада жату жағдайы өте маңызды. Дәптер неғұрлым көлденең жатса, соғұрлым баланың сабаққа деген көңілі қиналу, наразылық білдіру ретінде болып келеді деген сөз. Кей кезде айрықша тұйық балалар өз дәптерін мұғалімнен кітаппен немесе қолымен жабуға тырысады. Құрметті қауым, естеріңізде сақтаңыздар, балалар қате үшін жаза алудан қорқып, тұйықтықтан немесе өз-өзін төмен бағалағандықтан дәптерін қолымен жабуға тырысады. Егер оқушылар сабақ уақытында, әсіресе оқу барысында, кітап астына қоятын тіреуді қолданса, бұл да жазадан қашудың бір себебі. Бірақ бала мұндай жағдайда өзінің сергіп демалу үшін құқығын қорғайтыны рас. Демалу үшін бала қаламды, кітапқа арналған тіреуді бір орыннан екінші орынға жылжытады немесе сөмкесін қопара бастайды. Егер осы белгілерді көрсеңіздер, үзіліс жасауға уақыт келді деген сөз. Оқушылардың көңілдерін басқа нәрсеге аударып, сергіту жаттығуын жасауға болады. Жауап қайтарып қол көтеру әрекеті өзіне деген сенімділіктің белгісі екенін білдіреді. Көп аяншақтық танытатын балалар қолдарын партадан үзе алмайды, ал жомарт жандар керісінше өзін жақсы жағынан көрсете біледі. Орнынан айқайлау баланың тәрбиесінен өзге, оның тұлғасына деген мұғалімнің қызығушылығына сенімсіздігі мен сыныптастарын қадірлемеу болып табылады.

Тақтаға шығу – бала үшін әрдайым стресс болып табылады. Әлсіз, тұйық балалар сыныпқа қырымен тұрып мұғалімге жауап береді; өз-өзіне сенімді бала арқасымен тақтаға қарай сүйеніп, сыныпқа қарап тұрады; ал өзімшілдер алдыңғы партаға сүйеніп тұрып алады; бір үлкен мәртебеге ие болғысы келген бала мұғалімнің орнына тұрғысы келеді, ол үшін әрекет те жасайды. Егер сыныптың көшбасшысы орнынан тұрып сөйлесе, оқушылар түгел оған бұрылып қарайды; одан кері бұрылған бала оның қарсыласы деген сөз (мүдірген кезде көмек көрсетпейді). Сыныпта орташа буында орын алған бала жауап берсе, достары әрдайым көмек беруге дайын тұрады. Нағыз шығай бала көмек емес, сыныптың күлкісіне қалады. Орнынан тұрып жауап берген бала жайында көп нәрсе айтуға болады. Ол баланың сабаққа дайындығы туралы немесе жауапқа дайын еместігі сияқты. Егер мұғалім сұрақ қойған соң бала абыр-жып кітаптың беттерін аша бастаса, бұл оның үйде оқымағанын айдан анық білдіреді немесе оқушы талаптанып кітап беттерінен іздесе, онда ол үйде оқып дайындалғанын айтады. Оқушылар кейде не себепті абдырап қалғанын түсінбейді: қиын сұрақ па, әлде ойлануды талап ету ме немесе сұрақты дұрыс түсінбеу ме, онысы белгісіз. Егер қойылған сұрақтан соң оқушы іздеуден бас алмаса – сұрақ қиын, егер орнында тұрып қалса сұрақ

түсініксіз деген сөз. Сұрақ қою барысында бала есінесе, бала қапырықта емес, керісінше қобалжып, ойы шиеленісуде екенін білдіреді; сурет салып отырған оқушы тыныштық табуға тырысады; мұғалімнің көзіне тура қарап отырса, ол жауап бергісі келіп тұрады. Тағы оқушы жайында көп ақпарат беретін үлкен жайт, ол оның қиын сабақ үдерісіндегі мінез-құлқы (сабақ оқуға уақыт жетпейді немесе түк білмейді). Өзін ғана ойлайтын бала өзіне жеңіл тапсырмаларды сұрай бастайды және мұғалімді кінәлай береді. «Әділеттілік үшін күрес» дегеніміз – жұмыстың орындалуының нанымсыз екенін дәлелдеу; өз кінәсін мойындамаған оқушы – біреуге жала жауып, оның үстіне тапсырманың орындалмайтынын мұғалімге дәлелдейді; еңбекқор адам – сөзсіз жұмыс атқарады; өзгенің еңбегін пайдаланып қалғысы келетіндер біреуден көшіріп алғысы келеді. Оқушыларды сабақ уақытында одан да көбірек зерттеуге болады, мысалы: өте жақсы есту қабілеті бар бала көзін жай ғана жауып қойып, сабақты қайталап отырады; көру қабілеттері жақсы балалар түсініп оқып алуға тырысады; ал кейбір балалар оқығанда саусақтарымен жүргізіп отырады.

Негізінде, оқу барысын зерттеу баланың ішкі жан-дүниесін біліп тануға бағыт беріп қана қоймай, сонымен қатар түрлі психологиялық диагностикалардың туындауына да себепші бола алады.



Психолог – ұжымның ұйымтқысы

Роза Рыспайқызы Омашева

№37 Фурқат атындағы
жалпы орта мектебінің
педагог-психологы,
Шымкент қаласы,
Оңтүстік Қазақстан облысы

*«Ең алдымен адамды алға сүйрейтін
көзбен көруге болмайтын ұлттылықтар».*

Адамды рух алып жүреді»

А.С. Экзюпері

Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу үлкен өнер. Осы орайда Елбасымыз Н.Назарбаевтың «*Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін сіздер. Ендеше өздеріңіз де көп оқыңыздар, ізденістен, ілгерілеуден жалықпаңыздар. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс*» деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз қажет. Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Сондықтан мектеп психологы ең алдымен өзінің кім екенін, өз ісінің мақсатын, міндеттерін іске асыру жолдарын, жұмысының маңызы мен жауапкершілігін анық білуі тиіс. Бұл өте төзімділік пен шыдамдылықты, білімділік пен біліктілікті, мейірімділік пен талап қоя білуді керек ететінін ұмытпауымыз абзал. Олай дейтінім, психолог адамның сырласы, адам жанының елшісі. Себебі мектеп ұжымының зор табыстарға жетіп, береке бірлігінің мықты болуына, оқушыларының сапалы білім алып, саналы, тәрбиелі болуына психологтардың қосатын үлесі зор деп ойлаймын. Еліміз егемендік алғаннан бері оқу-тәрбие саласында көптеген өзгерістер енгізілді. Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өмір сүрудің негіздерін беру және олардың психологиялық тұрғыда қалыптасу мәселесі де ең басты орында тұр. Әрбір оқушыны жеке тұлға деп танып, ғылыми, рухани мұраларды игерген, шығармашылық ой-өрісі кең, компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеу бүгінгі күннің ең негізгі мақсаттарының бірі.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда бала тәрбиесі өте күрделі үрдіс. Тұлға қалыптасуы кезең-кезеңмен жүреді. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан да педагог, ата-ана, оқушы үштік одағының тығыз байланыста болуы шарт. Ата-анамен бірлесе отырып біз психологтар баланың табиғи қабілетін ашып, оны дамытуымыз қажет. Ата-ана бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына

құлақ ассақ, «адамның бақыты балада». Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құрметті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. **В. Сухомлинский** «Тәрбиешінің нағыз данышпандығы әкенің, шешенің, педагогтың балаға бақыт беруі. Балалық шақтың бақыты жылылық пен қорек беретін отбасының тыныштығы» дейді.

Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» десе, **Жан-Жак Руссо** «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген екен.

Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі оның ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы, сана сезімі, адамгершілігі әсер етеді.

Бүгінгі біздің қоғамда жаһандану үрдісімен келген қиыншылықтар көбейіп жатыр. Көгілдір экранды жаулап шетелдік фильмдер, түрлі діни бірлестіктер, арзанқол музыкасы т.б. жастарымызды улап жатқаны жасырын емес. Олардың бәрі жастардың көңіл күйіне, психикасына әсер етуде. Яғни, тәрбие жұмыстарындағы мәселелер бәрімізге ортақ. Бұндай келеңсіз істермен күрес жүргізу бірінші кезекте тұр. Осындай жағдайларда психолог бала жанының терең түкпіріне үңіле білсе, баланы тыңдай білсе, өзін де тыңдата алса, бала құқығына қол сұқпай тәрбиесіне басшылық жасаса дұрыс нәтижеге жетері сөзсіз. Сонымен қатар психолог баламен бірлесе отырып, өзін тануына, жан дүниесін басқара алуына, айналасымен дұрыс қарым-қатынас жасауына ықпал етеді. Бала көңілі сезгіш. Өмір жолын таңдауға әр баланың

құқығы бар. Жоғары сынып оқушылары үлкен өмірдің таңдауын жасарда жанында мектептегі психолог маманы болып, көмек қолын созса, әрине ол сәттілік әкеледі.

Ал енді өзімнің іс-тәжірибем жайлы айтатын болсам, мен №37 Фурқат атындағы жалпы орта мектебінде психолог маманы болып жұмыс жасаймын. Таңдаған мамандығымды өте жақсы көремін. Себебі ол ең алдымен адамның жан дүниесін зерттейтін ғылым. Қызмет етіп жүрген еңбек жолымда қиын да, қызықты да сәттерді бастан өткердім.

Өзімнің іс-тәжірибеме тоқтала кететін болсам, 2011 жылы «**Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту**» курсы оқып таныстым. 2013 жылы наурыз-шілде аралығында Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курсынан өттім.



Осы жаңа технологияларды меңгеру аясында, психолог маман ретінде алға қойған мақсатымның ең бастысы мұғалім, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту жолында психологиялық тренинг, ойын жаттығулар, дөңгелек үстелдер өткізіп жүрмін.

Алғашқыда, жұмыс барысында мені мына төмендегі сұрақтар мазалады.

1. Мұғалімдер қалай қарайды?
2. Ата-аналар қалай қабылдайды?
3. Неңдей жаңалықтар күтілуде?
4. Бұл жобаны өзімнің тәжірибеме ендіре аламын ба?
5. Үлгерімі төмен, тәртібі қиын, әлеуметтік

жағдайы төмен, психологиялық тұрғыдан алғанда өзіне сенімділігі төмен оқушылармен жұмыс істеуіме пайдасы тиеді ме?

Енді мен нақты бір өткізген іс-шараның өтілу тәжірибесімен таныстырып кеткім келіп отыр. Осы жылдың ақпан айында **RWCT** жобасы бойынша 10 «а» сыныбының ата-аналарымен және пән мұғалімдерімен «**Қазіргі таңдағы ата-ана, мұғалім және оқушылар арасындағы қарым-қатынас жайлы туындаған мәселелер**» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізгенімізде, оқушыларымыздың көркем әдебиетке деген қызығушылығы ояна бастады. Енді барлық оқушы деп айта алмаймын, дегенмен біршама көбейіп келеді. Әрбір психологиялық тренинг жаттығуларда қолданылған жоба элементтерінің ерекшелігі - оқушының өз ой-пікірін, көзқарасын еркін жеткізе отырып, ұжымда жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Оқушының өз ойын ашық айтуға үйрене бастағанын, тіпті үндемей бір шетте қалған оқушының өзі бір-екі сөйлем болса да жазып, оқып беруге талпынып жүргенін байқадым. Себебі, бұл менің жұмысымның алға басуына көмегін тигізетініне кәміл сенімдімін.




Мектебімізде баланың ой-өрісін, өз ойын ашық айта алатындығын және оқу үлгерімі нашар оқушыларға маңызының зор екендігін түсініп, 6-7 сыныптарында «**Оқу мен оқырмандықты дамыту**» бағдарламасы бойынша факультатив сабағы жүргізілуде. Сабақ кезінде оқушыларымыздың барлығы дерлік өздері сүйіп оқитын кітаптарынан алған

әсерін ортаға салады және сыныптастарымен талқылайды. Мысалы алғанда, мен өзім жұмыс жасап жүрген 6 сынып оқушыларының ішінде алғашқы кезде сабақ үлгерімдері нашар, тәртіптері де жақсы емес балалар, қазіргі таңда осы жобаны пайдаланғаннан бері біршама жақсарып келеді. Оқу үлгерімі, тәртібі де нашар балаларда кішкене де болса өзгеріс пайда бола бастады. Сонымен қатар бірнеше оқушылар компьютерде азырақ отырып, кітап

оқи бастады. Осы орайда ақпан айында 9 «ә» сынып оқушыларымен және ата-аналарын қатыстырып «Қарым-қатынас жасай білу үлкен өнер» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілгенде, бағалау парағына жазылған ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері мынадай болды:

- Менің тренингтен алған әсерім жақсы. Оқушылар жақсы ашық әңгімелер айта білді.



- Менің алған әсерім, бұл тренингте ата-аналарға және оқушыларға жақсы пайдалы кеңестер берілгені болды.

- Менің ойымша әрдайым осындай психологиялық тренинг өтіп тұрса, біздің балаларымыздың өмірге, білімге деген талпыныстары арта түсер еді?

- Әсіресе маған ұнағаны балалардың, ата-ананың топта бір-бірімен бірлесіп жұмыс жасауы.

- Маған ұнағаны оқушылардың өз ойын ашық айтуы.

- Психологиялық тренинг өте жоғары деңгейде өтті.

Не ұнады?

- ұйымдастырылуы және өткізілу әдісі;
- тренинг өте тартымды өтті;
- оқушылардың армандаған мақсаттары ұнады;

- ата-аналар өз ойларын айта білді;

- ата-ана мен бала арасындағы байланыстың нығая түскендігі;

- оқушының мұғалімге деген көзқарасының өзгеруі;

- осындай өзекті мәселені көтеретін психологиялық тренингтер көбірек өткізіліп тұрса екен деп тарасты.

Осы өткізілген жұмыс нәтижелерінен не алдық?

Мысалы алғанда, дәстүрлі өткізілген психологиялық тренингтерде, тек қана психолог сөйлеген болса, бұл жобада психологтың бағыт-бағдар беріп отыратындығы, керісінше көбінесе оқушының өзі ізденетіндігі, ойын ашық ортаға салатындығы, өзіне-өзінің сенімділігінің оянуы, адамдармен қарым-қатынасының дұрыс жолға қойылуында, өмір сүрудің мәнін дұрыс түсінуінің пайда болғандығы маған өте ұнады. Бұл жобаның тағы бір жақсы жері баланың логикалық қабілетінің ашылуына пайдасының зор екендігінде және баланың жан-жақты өздігінен мағлұматтар жинауға ұмтылып, өз білімін шыңдай алатындығында.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде мектеп ұжымы ең ұйымшыл береке бірлігі айрандай ұйыған, қандай киелі іс, қиындықтар болса да, жеңіп шыға алатын ұжымға айналғанының куәсі болып отырмыз.

Арттерапия элементтерін пайдаланып, оқушылармен коррекциялық жұмыстар жүргізу

Риязат Асқарова

«НұрОрда» қазақ түрік лицейінің
педагог-психологы,
Астана қаласы

Мақсаты: қиялы мен сенсорлық қабілетін дамыту және кикілжіңнің алдын алу.
Жасы: бастауыш сынып оқушылары.
Құралдар: А4 қағазы, түрлі-түсті бояулар, күн мен көк аспан, теңіз, ағаш пен гүлдердің суреттері.

Жаттығу барысы:

Бүгін мен сендерге түстер туралы қызық әңгіме айтып беремін. Алдымен біз сендермен түстердің барлығын есімізге түсірейік. Мен біріншісін айта бастаймын, ал сендер жалғастырасыңдар, келістік пе?! Сонымен, қызыл... Әр түрлі түстердің аты аталғанда, сіздер олар туралы не білетіндеріңізді айта отырыңыздар.

«Баяғы бір заманда 2 түс өмір сүріпті: сары және көк. Олар бір-бірімен таныс емес екен. Олардың әрқайсысы өздерін ең керекті, ең әдемі, ең жақсы түс деп санайды екен. Күндердің бір күнінде олар кездейсоқ кездесіп қалыпты... Міне сол кезде не басталғанын білсеңіздер ғой! Олар өздерінің ең жақсы түс екендігін дәлелдеуге кірісіп кетіпті.

Сары айтады:

- Маған қарашы! Мен қандай ашық, сәулелімін. Мен күннің түсімін! Мен жаз айларындағы құмның түсімін! Мен қуаныш пен жылу беретін түспін.

Сонда Көк өзін ұстай алмай, өзінің кереметтігін айта бастапты:

- Не болты, сен күннің түсі болсаң, мен аспанның түсімін. Мен мұхит пен теңіздің түсімін! Мен тыныштық беретін түспін.

- Жоқ! Бәрібір мен күштімін, мен жақсымын, – деп Сары дауласа бастапты.

- Жоқ, мен мықтымын, мен күштімін!, – деп берілмепті Көк түс.

Сөйтіп, олар әбден таласыпты. Сол сәтте таласып тұрған екеуін жел келіп ұшырып әкетеді. Екі түс бір-біріне араласып кетеді. Жел тоқтап, тыныштық орнаған сәтте Сары мен Көк өздерінің қасында тағы бір түстің тұрғанын көріпті. Ол - жасыл түс еді. Ал жасыл түс болса, оларға қарап күліп тұрып:

- Достарым, - деп, өзіне қаратыпты. Қараңдаршы, мен сендердің араласуларыңнан пайда болдым. Мен жасыл жайлаудың, жайқалған ағаштың түсімін ғой.

- Бұл нағыз ғажайып! Сары мен Көк біраз ойланып тұрды да, сосын жасыл түске қарап жымияды.

- Иә, сендер дұрыс айтасыңдар! Бұл дегеніміз нағыз ғажайып қой. Біз де енді ұрыспаймыз, таласпаймыз! Шынымен де, әрқайсымыз өзімізше сұлуымыз, әдеміміз, кереметпіз, керектіміз. Аспан да, күн де, мұхит та жасыл

жайлау да қуаныш пен тыныштық та бар. Біздің арқамызда әлем ашық, қызықты, әр түрлі, бақытты болып көрінеді. Ал түстер бір-бірінің қолын алып, ашық-жарқын көңілді, бақытты ғұмыр кешіпті.»

Осыдан кейін балаларға ғажайып әлем жасауды ұсыныңыз. Ол үшін бір сурет парағын, түрлі-түсті бояу мен екі қылқалам немесе түрлі-түсті қарындаштар алыңыз. Баладан қандай түсті таңдағандығы туралы сұраңыз. Сөйтіп, қарындашты алып бояйсыз? Сары ма әлде Көк пе? Содан соң ол өз түсінді таңдап былай деп айт:

- Жарайсың! Сен өз түсінді таңдадың және сол түсті боя. Ал мен болсам, қалған түстегі бояумен сала бастаймын. Екеуіміз бірге отырып ғажайыптар әлемін жасаймыз! Сенің есінде ме, түстердің шығу тарихын саған айтып берген едім ғой. Иә, онда желдің әсерінен түстер бір-бірімен араласып кеткен. Олар Сары мен Көк түстер еді, аяғында жасыл түс пайда болды. Қазір біз екеуіміз солай істеп көрейік! Ол үшін сен өз түсіңмен боя, ал мен өз түсіммен бояйын. Қағаздың екі шетінен бастап бояймыз. Ортасына қарай жылжиық. Соңында екеуіміз кездескенде сен өз ғажайыбыңды көресің!

«Ғажайып» пайда болған жасыл түс алынған соң, баладан енді қанша түс болды деп сұрайсыз?

- Сары мен Көктің не үшін таласқанын сұраңыз.

- Кейіннен олар не себептен достасып, таласпайтын болды? Жасыл түсті алу үшін не керек? Болған жәйтті басынан айтып беріңіз, басқа түстерді де араластырып көру экспериментін ұсыныс етіп көріңіз.

Жалпы істеген суреттеріңізге ат қойыңыздар. Ғажайыптар әлемінің қандай қызықты екендігін, біздің өміріміздің де сондай түрлі-түсті екендігін айта келіп, достықта ұрыспай-таласпай өмір сүру құндылығын тілек ретінде айтыңыз.

Ескерту: Суретті бояй отырып, сіз балаға күннің, аспанның, теңіздің т.б. суреттерін көрсете отырғаныңыз жақсы болар еді. Мысалы, сары мен көк таласқанда балаға күннің, құмның, аспанның, теңіздің суреттерін көрсетсеңіз. Екеуі қосылғанда жайлаудың, гүлдердің әр түрлі өсімдіктердің суреттерін көрсетсеңіз болады. Жаттығудың соңында өздерінің бояған суретін көрсетіп, түстердің бір-біріне қаншалықты сәйкес келетінін айтып беріңіз.



Формирование портфолио молодого учителя (Доклад)

Гульбахар Тохтасуновна Садирова

Преподаватель психологии, педагогики,
Руководитель Методического объединения кураторов,
Педагогический колледж иностранных языков,
г. Алматы

Здравствуйте, уважаемые коллеги и участники семинара!!!

Сегодняшний семинар хочу начать со слов «Дорогу осилит идущий, А педагогу – мыслящий!!!»

Любой человек, начинающий свой профессиональный путь, испытывает затруднения, проблемы из-за отсутствия необходимого опыта. Становление учителя происходит труднее, сложнее, чем у представителей другой профессии потому, что педагогическое образование не гарантирует успех начинающему учителю. Чтоб стать учителем недостаточно аудиторных программных знаний. А. Макаренко писал: «*Нужны синтез научных знаний, методического мастерства и личных качеств педагога, умелое владение педагогической техникой и передовыми педагогическими достижениями*». Кроме того, учительское мастерство во многом надо передавать от педагога к ученику.

Первое место работы... Возможно, чувствуется неуверенность, дискомфорт. Всё новое: социальная роль, новые взаимоотношения с людьми. Новая личностная ситуация – ответственность за качество своей работы, результат, который ожидают учителя, ученики, родители. Сегодня школе нужны молодые, инициативные, творческие учителя, готовые работать по-новому.

В профессиональном становлении молодого учителя в современной школе имеет место наличие педагогических способностей. Они состоят из таких компонентов:

– **дидактичные** – искусство передавать знания в доступной форме;

– **конструктивные** – когда педагог не использует готовых рецептов, а сам создает их для каждой конкретной ситуации;

– **экспрессивные** – умение в своё объяснение включить уместно юмор, доброжелательную иронию, шутку;

– **коммуникативные** – правильный подход к ученикам в процессе обучения и воспитания;

– **способность распределять внимание** – широкий обзор внимания, умение легко переключаться по необходимости с одного объекта на другой;

– **актерские** – умение в зависимости от обстановки и воспитательных задач быть то добрым, то строгим, то спокойным, но всегда активным, справедливым;

– **умение контролировать** все свои слова, поступки, действия, настроение.

Следует отметить, что все компоненты педагогических способностей тесно связаны между собой, дополняют и предполагают друг друга. Отсутствие одного или нескольких можно компенсировать активным развитием других компонентов.

Каждому молодому учителю с первых дней своей педагогической деятельности можем порекомендовать вместе со своим наставником готовить «Портфолио молодого учителя». Эта папка – «настольная книга», в которой будут собраны самые необходимые советы, рекомендации и материалы, нужные в становлении учителя.

Портфолио - это набор материалов, демонстрирующих умение учителя решать задачи своей профессиональной деятельности, выбирать стратегию и тактику профессионального поведения и предназначенный для оценки уровня профессионализма учителя.

Портфолио -

- это набор работ учителя, который связывает отдельные аспекты его деятельности в более полную картину;

- это спланированная заранее индивидуальная подборка достижений учителя;

- это способ фиксирования, накопления и оценки индивидуальных достижений учителя в определенный период его деятельности.

Практическая значимость портфолио:

- аттестация;
- лицензирование, аттестация, аккредитация ОУ;
- систематизация деятельности учителя;
- стимулирующий фактор.

Диагностика профессиональной деятельности позволяет:

Учителю:

- реально представить результаты своего труда;

- увидеть свои резервы;

- иметь стимул к непрерывному самосовершенствованию.

Диагностика профессиональной деятельности позволяет:

Администрации:

- осуществлять непрерывную диагностику результатов труда учителя.

В портфолио входят:

- общие сведения об учителе;
- диагностика успешности;
- нормативные документы;
- открытые уроки;
- доклады, публикации, творческие работы;
- памятки начинающему учителю;
- работы учащихся;
- дидактические материалы.

Портфолио должно постоянно пополняться необходимыми материалами. Постепенно это станет «центром самообразования» учителя.

Требования и нормы, регулирующие оформление и действие портфолио:

- портфолио собирается в отдельную папку и подписывается;
- ответственность за оформление портфолио несет учитель.

В формировании портфолио участвуют педагоги и администрация школы.

Заместитель директора по УВР разъясняет назначение и технологию ведения портфолио, обеспечивает учителей необходимыми формами, бланками, рекомендациями.

Заполняется Портфолио 2 раза в год по полугодиям.

Хранится Портфолио в учительской, доступно для пользования каждым учителем.

Администрация школы разрабатывает механизм использования портфолио.

В определении правильности выбранного образовательного маршрута важную роль играет как рефлексия, так и самооценка. Это приводит к изменению технологий оценивания, главная задача которых не выявление недостатков, а осознание успешности достижения поставленной цели. При этом оценивание должно не просто фиксировать достижения педагога, но и давать полную информацию о профессиональном развитии, показывая связь между поставленными целями и полученными результатами. К такой технологии относится технология портфолио.

Портфолио педагога включает социально-педагогическую оценку деятельности молодого специалиста, результаты внутришкольного предметного мониторинга, оценки по системам внешнего контроля, отражает опыт участия в работе ресурсного центра, экспериментальной площадки, участия в профессиональных

конкурсах. При работе молодого специалиста с портфолио происходит расширение его личного выбора образовательного пространства, использование им информационных ресурсов. Тем самым у молодого специалиста появляется способность выявлять пробелы в своих знаниях и умениях при решении новой задачи, оценивать необходимость той или иной информации для своей деятельности, осуществлять информационный поиск и выбор, извлекать информацию из разных источников на любых носителях. Это позволяет ему гибко изменять свою профессиональную квалификацию, самостоятельно осваивать новые технологии, необходимые для решения поставленной задачи. Педагог получает опыт интеграции различных результатов и ресурсов образования (знаний, умений, ценностей), постановки или присвоения цели, а значит, происходит его осознание процесса управления своей деятельностью. «Портфель достижений» демонстрирует прогресс специалиста относительно самого себя и учит относиться к результатам своей работы как к достижениям. В этом заключается главный успех применения технологии портфолио. Ведь от того, как будет это организовано, напрямую зависит конечный результат.

Молодому специалисту необходима постоянная товарищеская помощь. Одним из шагов в адаптации является организация наставничества. Работу учителей-наставников рассматриваем как одно из ответственных общественных поручений. Это опытные, творчески работающие учителя. Они составляют индивидуальный план работы с молодым специалистом.

Значительную роль надо отводить в работе молодого учителя следующие направления:

- планирование работы учителя, организация рабочего времени;
- культура общения учителя с классом, учащимися, родителями;
- углубление психолого-педагогических знаний, методологии обучения;
- изучение нормативных, инструктивно-методических материалов;
- основные требования к календарно-тематическому планированию, к ведению школьной документации, журналов;
- современные подходы к воспитательному процессу, к формированию развитой личности на основе национального воспитания и особенностей, традиций школы.

В школе для молодого учителя значительное внимание должно уделяться такой форме индивидуальной методической работы как консультации. Молодые учителя получают кон-

кретные советы по трудным вопросам, образцы разработок разных типов уроков, рекомендации. Молодой специалист получает помощь не только от наставника, но и от заместителя директора, опытных учителей, классных руководителей... Открытые уроки, которые проводят опытные аттестуемые учителя по разным предметам, дают возможность показать и увидеть на практике особенности использования разнообразия форм и методов работы на уроках. Поэтому, планируя открытые уроки, учитываем пожелания молодых учителей относительно проведения разных типов уроков, на которых можно конкретно увидеть, научиться использованию следующих направлений:

- индивидуальный подход в обучении слабых, мотивированных на учёбу, сильных учащихся;
- дифференцированный подход в обучении;
- интерактивные формы и методы обучения;
- нестандартные ситуации на уроках;
- нетрадиционные, интегрированные уроки с применением компьютерных технологий.

Это помогает учителю рационально выбирать тип урока, его структуру, правильно определять задания, цели (учебную, воспитательную, развивающую) выбирать рациональные методы обучения, объединять разные формы коллективной и индивидуальной работы, знакомиться с современными образовательными технологиями, интерактивными методами.

Молодость – это возраст мечтаний, надежда на их свершение, неудержимая энергия, желание достичь успеха. Деятельность молодого человека, который нашёл и зажег в себе искру личностной и профессиональной индивидуальности, способствует прогрессивному развитию образования. «Учитель живёт до тех пор, пока учится, если он перестаёт учиться – в нём умирает учитель». Это слова великого педагога К.Д.Ушинского.

Правила общения с молодым педагогом

Чтобы взаимодействие с молодыми специалистами было конструктивным и приносило желаемый эффект, педагогу-наставнику необходимо помнить о правилах общения, которые необходимо соблюдать.

Не приказывать. Наставник должен помнить, что фраза, содержащая обязательство какого-либо рода, вызывает протест. В процессе общения с молодыми учителями следует отказаться от фраз типа «вы должны», «вам необходимо», «вам нужно» и т.п. Естественной их реакцией на эту фразу могут стать слова: «Ничего я вам не должен. Как хочу, так и работаю!»

Не угрожать. Любая угроза – это признак слабости. Угроза со стороны наставника – это

еще и признак педагогической несостоятельности, некомпетентности. Угрозы или ультиматум со стороны учителя-наставника провоцируют конфликт. «Если Вы не будете выполнять мои требования, то...» – подобные замечания свидетельствуют о неумении наставника аргументировать свою педагогическую позицию, о непонимании ситуации, об отсутствии дипломатических навыков общения. Этот прием не способствует установлению отношений сотрудничества и взаимопонимания между наставником и подопечным.

Не проповедовать. «Ваш профессиональный долг обязывает...», «На Вас лежит ответственность...» – эти воззвания чаще всего являются пустой тратой времени. Они не воспринимаются и не осознаются молодыми специалистами как значимые, вследствие их абстрагированности от реальной педагогической ситуации.

Не поучать. Наставник должен помнить о том, что нет ничего хуже, чем навязывать свою собственную точку зрения собеседнику («если бы Вы послушали меня, то...», «если бы Вы последовали примеру...»).

Не подсказывать решения. Наставник не должен «учить жизни» молодого учителя. «На Вашем месте я бы...» – эта и подобные ей фразы не стимулируют процесс профессиональной поддержки, поскольку произносятся чаще всего с оттенком превосходства и ущемляют, таким образом, самолюбие молодого педагога.

Не выносить суждений. Высказывания со стороны наставника типа «Вы должны сменить место работы», «Вы слишком мало внимания уделяете работе» чаще всего наталкиваются на сопротивление и протест молодых учителей, даже в тех случаях, когда они абсолютно справедливы.

Не оправдывать и не оправдываться. Наставник потеряет значительную долю своего влияния, если будет строить свое взаимодействие с подопечными на основе этих приемов общения. «Вы организовали и провели урок не так уж плохо, как кажется на первый взгляд» – данная форма оправдания, конечно, снимает некоторое напряжение в отношениях, но делает существующую профессиональную проблему менее значимой для молодого учителя.

Не ставить «диагноз». «Вам нельзя работать в школе, Вы слишком эмоциональны» – такая фраза опытного педагога непременно насторожит молодого учителя и настроит его против наставника.

Советы молодому педагогу

Семь золотых правил для учителя.

Надо любить то, что делаешь и идти вперед шаг за шагом (И. Павлов).

Интеллигентом нельзя притвориться (Д. Лихачев).

Вежливость воспитывается только вежливостью (В. Джемс).

«Магическая десятка»: посчитай до десяти прежде, чем дать волю своему гневу. И он покажется вам противным. (В. Джемс).

Мудрец ищет всё в самом себе, а глупец – в другом человеке (Конфуций).

Никакая большая победа не возможна без маленькой победой над самим собой (Л. Леонов).

Первые шаги всегда самые трудные (Р. Тагор).

Заповеди молодому учителю.

Окупись в свою работу и тогда ничто не помешает тебе плодотворно работать.

Будь приветливым – и будешь смелым.

Не будь самонадеянным и сможешь стать лидером.

Умей требовать и прощать.

Верь в уникальные способности каждого ученика.

Будь компетентен и будь уверенным.

Верь, что каждого ученика можно научить, только для этого необходимо время.

Претворяй процесс обучения в радость.

Будь для ученика не руководителем, а соперником, тогда он сможет превзойти тебя.

Памятка начинающему учителю.

Тщательно готовься к урокам. Обязательно пользуйся поурочным планом и придерживайся всех его пунктов. Взять себе за правило наличие поурочного плана является для тебя допуском на урок.

Идя на урок, ты должен досконально знать, куда пришёл, для чего, что будешь делать, будет ли это эффективно.

Приходите в кабинет немного раньше звонка, убедитесь, всё ли готово к уроку, хорошо ли расставлена мебель, чиста ли доска, подготовлены ли ТСО, наглядные пособия. Входите в класс последним. Добивайтесь, чтобы все учащиеся приветствовали Вас организованно. Осмотрите класс, особенно - недисциплинированных ребят. Старайтесь показать учащимся красоту и привлекательность организованного начала урока, стремитесь к тому, чтобы на это уходило каждый раз все меньше и меньше времени.

Энергично начинай урок. Не спрашивай: «Кто не подготовил домашнее задание?» - это приучает школьников к мысли, что домашнее задание можно не выполнять. Веди урок так, чтоб каждый ученик был постоянно занят делом. Помни: паузы, медлительность, бездеятельность – враги дисциплины.

Увлекайте учеников интересным содержа-

нием материала, созданием проблемных ситуаций, мозговым штурмом. Контролируйте темп урока, помогайте слабым поверить в свои силы. Держите в поле зрения весь класс. Особенно наблюдайте за теми, у кого неустойчивое внимание. Предупреждайте попытки нарушить рабочий порядок.

Чаще обращайтесь с просьбами, вопросами к тем учащимся, которые отвлекаются на уроке, занимаются посторонними делами.

Комментируя оценки знаний, старайтесь быть деловым, заинтересованным. Укажите ученику, над чем ему необходимо поработать, чтобы получить лучшую оценку.

В конце урока дай общую оценку классу и отдельным ученикам. Пусть дети почувствуют удовлетворенность от результатов своего труда. Старайся замечать позитивное в работе недисциплинированных учеников, но не делай это часто и незаслуженно, за незначительные усилия.

В случае недисциплинированности учащихся старайся обходиться без помощи других. Помни: наведение дисциплины с помощью чужого авторитета не даст пользы, а только навредит. За поддержкой лучше обратиться к классу.

Советы опытных коллег молодому учителю.

Перед уроком проверьте все ли на месте, нет ли лишних предметов у доски, на столе, чисто ли в классе.

Рационально используйте каждую минуту урока.

Объясните ученикам цель, задачи урока.

Объясняя новый материал, старайтесь выделить проблемы, предлагайте ученикам решать их самостоятельно.

Не спешите исправлять ошибку ученика, лучше, если её исправят учащиеся.

Старайтесь организовать самостоятельную работу на уроке – предлагайте учащимся больше писать, решать примеры, творить.

На уроке каждый ученик должен быть на виду, к каждому ищите индивидуальный подход.

Используйте все возможности для реализации принципов развивающего обучения.

Обращайте внимание на воспитательные аспекты урока: трудолюбие, бережливость, способности, дружелюбие.

Домашнее задание давайте дифференцированно, с подробным объяснением, до звонка. Не задерживайте учеников после звонка.

Помните: каждый урок особенный, не должен быть похож на предыдущие.

Посещайте уроки старших учителей. Применяйте у себя их позитивный опыт.

Помните, что наивысший педагогический успех – это улыбка на лице ученика.

«АЙНАЛДЫМ АНА ДЕГЕН АСҚАҚ АТТАН»

Айгүл Семғалиқызы Серікбаева

педагог-психолог

Альбина Тоғызбайқызы Тасқалиева

әлеуметтік педагог

Бұлдырты жалпы білім беретін орта мектебі,
Сырым ауданы, Батыс Қазақстан облысы

Ш ара жоспары:

1. Құттықтау сөз. Педагог-психолог А.С.Серікбаева.
2. «Айналым ана деген асқақ аттан» атты мерекелік концерт.
3. «Алақан жылуы» жаттығуы
4. «Егерде мен...» жаттығуы
5. Балалар тілегі
6. Деректі фильм алдында кіріспе сөз
7. Деректі фильм тамашалау
8. Мерекелік дастархан
9. «Менің мінез-құлқым» жаттығуы
10. Ата-аналар тілегі
11. Қорытынды сөз

Мақсаты:

Қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, ана мен бала арасындағы жақындық сезімдерін, бір-бірлерін қабылдауларын қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Көпшіліктің алдында өзін ұстай білуге үйрету, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Ана. Әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Ана баланың амандығын, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы жақсы қасиеттер ананың ақ сүтімен тараған. Ендеше, аналарды сыйлап, құрметтейікші достар! Міне, көктемнің алғашқы күндерімен келетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі. Мерекелеріңіз құтты болсын, ардақты Аналар!

Ән: «Айналым ана деген асқақ аттан» орындайтын балалар хоры.

Арман:

Ананың біз гүліміз,
Ана – біздің күніміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Айымгүл:

Ақ жүректе сақтаған,
Жарқын күлкің бақ маған,
Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші – келші ақ мамам.
Ән: Анашым. Орындайтын балалар хоры.

Аслан:

Аялы алақан,
Әлпештеп өсірген.
Аяулы анашым
Қатемді кешірген.

Ерсін:

Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым, күнім дейтін.

Ән. Ақ мамам. Орындайтын Төрешұратова
Айымгүл.

Ерсін:

Бал бөбегін баптаған,
Мамам үшін мақтанам.
Аялайтын біздерді,
Көп жасасын жақсы адам!

Нұрсұлтан:

Әжем менің әлі де,
Ұқсамайды кәріге.
Шай қайнатып береді,
Біздің үйдің бәріне.

Ән: Асыл әжем. Орындайтын балалар хоры.
Толқындай тербетіліп көл бетінде,
Биші қыз билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Биші Дильназ өнерін көрсетуде.
Кажимова Дильназдың орындауында

«Қамажай» биі. Қарсы алыңыздар!

Қазір Сағындық Ерасыл мен Кажимов Айбаттың анасы мен бөпелеріне арнаған тақпағын тыңдаймыз.

Ерасыл:

Әлди-әлди бөпешім,
Әлдилейді көкешің.
Тәтті ұйқыға бата ғой,
Тербетейін, жата ғой.

Айбат:

Іш ауырса,
Тіс ауырса,
Мамам дәрі береді.
Барлық ана,
Барлық бала
Оны жақсы көреді.

Қарсы алайық, қазір Айымгүл бізге «Өзбек биін» билеп береді.

Дильназ:

Жақсы көрем апамды,
Жүрем ылғи бірге еріп.
Тауға мені апарды,
Талай қайттық гүл теріп.

Арсен:

Алтын апам ол менің,
Мені жақсы көреді.
Үйретеді өлеңін,
Ертегі айтып береді.

Хамза:

Алып атам күрегін,
Аула қарын күредім.
Әжеме мен құдықтан
Су әкеліп жүремін.

Мирас:

Еденді де жуамын,

Шаң-тозаңды қуамын.

Інімнің де есебін

Шығарысып тұрамын.

Ерасыл:

Бүгін наурыздың сегізі
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.

«Алақан жылуы» жаттығуы.

Тренингті жүргізетін мектеп психологы Серікбаева Айгүл Семғалиқызы.

Жүргізуші:

Аяулысың, бұл өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,
Сендер үшін мереке шашулары.
Ән «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!»
орындайтын балалар хоры.

«Егерде мен» жаттығуы

Жүргізуші: педагог-психолог А.С.Серікбаева

- Сөз кезегі әлеуметтік педагог Тасқалиева Альбина Тоғызбайқызына беріледі. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ «Адамның бақыты - балада» деген екен. Кез-келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні - өз ұрпағы.



Сезімдер

Салтанат Әбітайқызы Бұралқыева

№37 «Арман» балабақшасының
психологы,
Астана қаласы

Мақсаты:
Арттерапияның «Сезімдер» элементтерін пайдалана отырып, ата-ананың бала өміріндегі орны мен рөлі туралы ой түрткі салу. Қоғамдық өмірде көпшілікпен қатар «түзу кірпіш қалау» керектігін сезіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Әр кісі өз есімінің бас әріпіне сәйкес, есімінің алдына сын есім қосып айтуы керек. Мысалы: сабырлы - Сәбира, әдемі - Әсима т.б.

1. Мақсатымызға байланысты, ата-ананың бір-бірімен «түзу кірпіш» қарым-қатынасы, болашағымыз балаларымызға зор ықпал етеді. Бұл жерде айта кетеріміз, біздің халықта ер адамды ұлық тұтқан. Ол - үйдің отағасы, балалардың әкесі. Ата-ананың бала өсірудегі басты мақсаты - қоғамдық өмірге көпшілікпен қатар «түзу кірпіш қалау». Сондықтан, бала тәрбиесіне олардың екеуара қарым-қатынасы айрықша қатты әсер етеді. Үйде анасы жұбайын құрмет тұтып, оның абыройын балалардың алдында асқақтатса, бала да әкесіне ұқсап, беделді болып өсуге ұмтылады. Керісінше, әке де зайыбына жылы сөйлеп, оны «ана» деп құрметтесе, балалар ананың өмірдегі құдіретін түсініп, оның көңіліне қаяу салмауға тырысады.

2. Жаттығу: «Қандай сезімде болдыңыз?»

Барысы: Үш түрлі жағдаятты тыңдап, ата-ана өз сезімін жазады.

1. Бала күлкісі
2. Баланың жылауы
3. Отбасындағы ұрыс

3. Ойын: «Бала әлеміне ену»

Барысы: Ата-аналар әртүрлі әуендерге билеп, балалық шаққа саяхат жасайды.

4. Жаттығу: «Мені сезін, анашым»

Барысы: Көзі байлаулы ата-ана қолына

май жағып, екі қайтара уқалаған баланың қайсы өзінікі екенін сезіп айтуы керек. Осы кездегі сезімімен бөлісу керек.

5. Релаксация.

Көз алдыңызға әсем табиғаттың суретін елестетіңіз. Терең дем алып, әуеннің ырғағына зейін аударып, менің сөздеріме құлақ салыңыз.

Ал бастаймыз. (музыка қосылады.)

Соқпақ жолмен жүріп келесіз...

Жол ұзақ, шаршадыңыз, шөлдедіңіз...

Кенет алдыңыздан ғажайып бақ көрінді...

Алма бағы...

Қып-қызыл алмалар қол созым жерде...

Үзіп алып жей бастадыңыз...

Дәмі керемет...

Жеген сайын жегіңіз келді...

Қалтаңыздан дорба алып алмаларды жинай бастадыңыз...

Күн кешкірді. Қайту керек. Бақтан шығып жолға түстіңіз. Иығыңызда дорба.

Жүгіңіз ауыр. Жол бітер емес. «Тастап кетсем бе екен?» деген ой келді...

Сіз дорбаны емес, жалқау ойыңызды тастап кетіңіз...

Міне, қалаға да жеттіңіз ... Алдыңыздан қуана секіріп балалар шықты ...

Оларға өзіңіз теріп берген алмаларды үлестіріп бердіңіз...

Балалардың бақытты күлкісі сіздің де көңіліңізді көкке көтерді!

Әуен тоқтатылып, бәріміз ортаға келіп, ойымызбен бөлісеміз.

Жаттығуға қатысқандарыңызға көп рахмет.

6. «Ауа-райы» жаттығуы.

Мақсаты: Ата-аналардың бойын сергітіп, көңілдерін көтеру.

Ауа-райының әр түрлі әсеріне байланысты бір-бірінің арқасына ауа-райын келтіреді.

7. Кері байланыс.

ДЕНІМ САУ БОЛСЫН ДЕСЕҢ...

Қорлығайын Изетқызы Қамшыбаева

№ 31 «Ақ сұңқар» балабақшасы
ересек «Шағала» тобының тәрбиешісі,
Астана қаласы

Мақсаты:
- жер бетіндегі тіршілік атаулының негізгі қайнар көзі – күн, ауа және су туралы түсінік беру;

- балаларға күн, ауа және судың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік беру;

- денені шынықтырудың әртүрлі жолдарымен таныстыру және оның адам денсаулығына тигізер әсері жөнінде мағлұмат беру.

Сабақтың барысы:

Тәрбиеші балаларға: «Табиғат – тіршіліктің қайнар көзі» екендігі жөнінде естеріне түсіріп өтеді. Адамның денсаулығына қажетті табиғаттың үш байлығы туралы айтып, терезенің жанына барып, ашық тұрған желдеткішке қарап, терең тыныс алып, дем шығаруды ұсынады.

Дәрігер Салауат бұл тыныс алу жаттығуын күнделікті жасаған денсаулыққа өте пайдалы деп айтады.

Балалар күнге қарай қолдарын созып төмендегі сөздерді айтады:



Құдіретті күн, мен сені жақсы көрем,
Құдіретті күн, мен сенен өтінем.

Құдіретті күн, маған тыныштық пен
Қайырымдылық бере гөр,
Құдіретті күн, маған денсаулық пен
Жылылық бере гөр.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

- 1) Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан. (Күн)
- 2) Өзі көрінбейді,
Онсыз өмір сүрілмейді. (Ауа)
- 3) Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Бірақ тыныш тұрмайды.
Сақтамасаң қорын тек,
Барша тіршілік құрайды. (Су)

Тәрбиеші балалармен жұмбақтың мазмұны жайлы әңгімелеседі.

Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін шуақтардан тұрады. Шуақтың әсерінен біздің терімізде өте маңызды «Д» дәрумені бар. Ал осы дәрумен жетіспесе, балаларда мешел ауруы пайда болады.

Күн шуағы аурулардың пайда болу жолдарының алдын алады. Күннің жарығы ауруларды қоздыратын көптеген микробтарды өлтіреді. Күн шуағы тек теріні ғана нығайтып қоймай – сиқырлы шуақтарды тыныс алу және жүйке жүйесінің жұмысын, қанның құрамын жасқартады, суық тию ауруларына қарсы тұруына септігін тигізеді.



Тәрбиеші балалармен күннің астында ұзақ жүрсе терілері күйетінін, бас киімсіз болса күн өтіп әлсіздік пайда болатынын, жүрегі айнып, басы айналатынын түсіндіреді. Балаларға көлдерде, өзендерде, арықтарда тұзсыз судың ағатынын, онымен бау-бақша суаруға болады, бірақ ішуге болмайтынын түсіндіреді. Сөйтіп, бала Салауаттың қауіпсіздік мектебінен алған ақыл-кеңесін балаларға айтып береді:

- Күнге ұзақ қыздырынуға болмайды. Күн екпіні өтіп, күйік алуың мүмкін.

- Күннің астында бас киімсіз ұзақ жүрме.

- Өзендерден, жылғалардан ағып жатқан суды ішуге болмайды, оларда қауіпті ауру тудыратын микробтар болуы мүмкін.

- Суды үнемдеп таза сақтау керек. Оны ластауға болмайды. Ауасыз, сусыз адамдар тіршілік ете алмайды.

Күн және ауа – табиғи дәрі. Ал әрбір дәрі арнайы қатаң өлшемді талап етеді. Таза су – тіршілік атаулы өмірінің нәрі, табиғи құнды байлық.

Сондықтан:

Күн ваннасын судың жағасында ертеңгілікте күніне бір сағат қана қабылдаған дұрыс.

Сергіту сәті:



Балаларға кілемшенің үстінде денелерін босаңсытып, қолдарын төмен созып, көздерін жұмып жатуға нұсқау беріледі. Өздерін құмның үстінде, күн шуағына қыздырынып жатқандай сезінеді.

Тәрбиеші балаларды парақ қағазбен желпіп өтеді, ал балалар оны жылы желдің лебізі еркелеткендей елестетеді. Балалар өздерін жақсы сезініп, көтеріңкі көңіл-күйге енеді.

Тәрбиеші балалардан жел туралы не білетіндерін сұрайды. Қозғалыстағы ауаны – желді, балалардың өздері-ақ қолдарымен бетін желпу арқылы жасай алатынын айтады. Балаларға ауаны көзбен көріп, қолмен ұстауға, оның түсі, дәмі, иісі болмайтыны туралы түсіндіреді.

Тәжірибе: ауаны зерттеу

Әр балаға бір-бір шар беріледі. Олар оны үрлеп, суға салып және ақырындап ауасын шығарады.

Тәрбиеші балаларға адамның оттегімен дем алып, көмірқышқыл газын шығаратынын айтады. Сондықтан бөлменің ауасын жиі тазартып отыру керек. Өсімдіктер – ауаның табиғи тазартқыштары. Сондықтан демалыс, сауықтыру үйлерін негізінен ағаштар көп өсетін ормандарда салатыны, ал бөлмелерге осы қызметті атқаратын өздерінің достары – бөлме гүлдерін қоятыны туралы түсінік береді.

Дәрігер Салауаттың кеңесі:

Таза ауа – табиғат байлығы, оны қорғауың керек. Гүлдер мен ағаштарды көбірек отырғызыңдар.

Қорытынды:

- Күн, ауа және су – табиғат сыйы. Оларсыз тіршілік болуы мүмкін емес. Олар – табиғи құнды байлық.

- Өсімдіктерді күтіп-баптау керек. Олар ауаны тазартады.

«ЖЫЛЫ ЖҮРЕК - ЖАҚСЫ ҚАСИЕТ»

М.Е.Ахметова - психолог,

Д.М. Әкімғожина - 4-сынып жетекшісі,
жалпы білім беретін Сырым
орта мектеп-балабақша кешені,
БҚО

Мақсаты: оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, достыққа, адалдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеуді мақсат етеміз.

Міндеттері: оқушыларға жақсылық туралы ұғым беру; мейірімді, ықыласты болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: дәйексөз жазылған плакат, жағдаятты үлестірмелер, музыка.

Психологиялық тренинг

Өткізген: Психолог М.Е.Ахметова

Оқушыларды шеңбер бойымен жинап, оқушыларда жағымды көңіл-күй, жақсы ниет қалыптастыру үшін барлығы бір-біріне жақсы ниет тілеп, жылы сөздер айтады. Сәлеметсің бе? Мен сені көргеніме қуаныштымын. Мен саған тілеймін....

I. Топқа бөлу.

Балалар қазір мен әртүрлі, қызыл, сары түсті гүлдерді сіздердің орталарыңызға қоямын. Әркім өз қалауымен ұнатқан гүлдерін алып, сол түстер бойынша топқа бөлінесіздер. Яғни қызыл гүлдер бір топ, сары гүлдер келесі топ.

(Түстерге анықтама беру)

Таңдаған түстеріңіз бойынша өздеріңіздің қандай екендеріңізді анықтай аласыздар.

Қызыл гүлдер: Бұл түс батырлардың, жеңімпаздардың түсі. Сіз өмір бойы елдің алды болуға, ұмтылып келесіз. Сондықтан да болар өте батыл, ойыңызды ашық айтуға талпынасыз, белсенді адамсыз. Адамгершілікке талпынасыз.

Сары гүлдер. Бұл гүлді таңдағандар қиялшыл. Көңілді, өмірді сүйетін адамдардың түсі. Сіз сары түсті жақсы көрсеңіз, онда ешкімге қарсы келе бермейтін, көнбіс адамсыз. Сары түс парасаттылықты, тәртіптілікті білдіреді.

II. Кіріспе сөз.

Мұғалім Д.М.Әкімғожина

Жақсы адам өзінен бұрын басқа адамдардың жанын түсініп, оларға қол ұшын беруге, қамқор болуға, өзінің жылы жүрегімен көмек беруге әзір тұрады. Ізеттілік өзгелерді сыйлай білу, кішіпейілдік болып табылады. Әр уақытта сыйлай, мәдениетті болу да - ізеттілік болып табылады. Жақсы қасиетімен, ізеттілігімен өзгелерге де сыйлы болады.

III. Рухани құндылықтар.

Психолог: Мен сіздерге «Рухани құндылықтар сандықшасы» ойынын ойнауды ұсынамын. Мен сандықшада жасырынып тұрған сөздерді көрсетемін. Сіздер олардың ішінен «Рухани құндылықтарды» бейнелейтін сөздерді таңдап аласыздар.

Мыс: достық, терезе, махаббат, сыйластық, адалдық т.б.

Бала жаны жайқалған гүлге ұқсайды. Сіздер өскен сайын, сіздің жаныңыз да ер жетеді. Жан дүниелеріңіз махаббат пен мейірімділікке, қайырымдылық пен ілтипатқа толады. Мұның бәрі рухани құндылықтар. Яғни адамгершілік, қайырымдылық, сыйластық, адалдық т.б барлық жақсы қасиеттер осы жүрек жылуынан туындайды.

Көрініс: «Адал дос»

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні келтеде, бір сұлу қыз болыпты. Оның ай десе аузы, күн десе көзі бар екен. Сұлу қыздың адал досы болыпты. Өзі сымбатты, мықты екен, аты - Батыр. Бір күні алай-дүлей жел тұрып, жаңбыр жауыпты. Елдің есі шығып жатқан мезгілде, ауыл ішіне адасып жалмауыз кемпір келіпті. Жалғыз отырған айдай сұлу Айсұлуды әрі іздеп, бері іздеп таба алмайды. Сұрастыра келе Айсұлуды жалмауыз кемпір ұрлап алып кеткенін біліпті.

Балалар, Батырды сонау алыс орманға қалай өзін жібермекпіз? Біз де оған көмектесіп, достығымызды көрсетіп жолға бірге шықсақ қалай қарайсыңдар? Қане, кім Батырға қол ұшын беріп, достықтарының берік екенін көрсетіп бірге бармақшы.

Психолог: Жолда ұзақ жүреміз. Сондықтан жолға шығар алдында денемізді сергітіп алайық.

Жүргізу шарты:

Балалар бір-бірінің арқасына қарап, бұрылып отырып дайындалады.

Аспанға жарқырап күн шықты. (Балалар саусағымен бір-бірінің арқасына салады. Біраздан соң бұлт торлап, күннің бетін жапты. (Арқаларына бұлтты саусақ қимылымен салады.)

Алай-дүлей жел соқты. (Бес саусақты ары-

бері жылжыту арқылы жасайды.)

Енді жаңбыр басталды. (Саусақ ұшымен жаңбырша қимылдатады.)

Жарайсындар балалар, денеміз қуат алып, бойымызға күш тарап, жолға дайын болдық.

Балалар енді жолға шығайық. (Судың дыбысы қосылады.)

Балалар, бұл ненің дыбысы?

- Өзен.

- Жарайсындар балалар, жолымызда ағып жатқан өзен бар екен. Кәне өзенмен амандасып, жол көрсетуді сұрайық.

Өзен: Сәлем балалар, сендер жақсы жолдас екенсіңдер. Қорықпай достарыңды іздеуге жолға шығыпсыңдар. Олай болса маған да көмек көрсетіңдерші. Мен осы жерде ағып жатып әдептілік дегенді ұмытып қалыппын. Менің есіме түсіріңдерші.

1. Сыйлап үлкен кісіні, қамқорлыққа ал кішіні.

2. Иmandы болу, әдептіліктен басталады.

3. Ақылды бала күнің, ақылсыз бала сорың.

Өзен: Жарайсындар балалар, сендерге рахмет. Сендер кішіпейіл, адамгершілігі мол достар екенсіңдер,- деп жолды көрсетіп жібереді.

Келе жатып тағы бір дыбысқа көңілдері ауады. (Күннің күркіреуі)

Балалар бұл ненің дыбысы?

«Жаңбырдың дыбысы» - деп оны да табады.

Келесі суретті оң қаратып, жаңбырдың суретін көреміз. Балалар жаңбырмен амандасады, келген жайды айтып, жол сұрайды.

Жаңбыр: Балалар сендер ержүрек екенсіңдер, қорықпай келіпсіңдер. Олай болса, маған қайырымдылық, кішіпейілділік, имандылық туралы мақал-мәтел айтып беріңдерші.

Балалар мақал-мәтел айтып береді.

Балалар жаңбырмен де қоштасады да, әрі қарай жүретін жолын тыңдап алады.

Жолда тағы да дыбыс естіледі. (Ормандағы құстардың дауысы, ағаштардың сыбдыры) «Орман» деп жауаптарын айтады. Келесі суретті оңға қаратып орман екенін көреді.

Орманмен амандасып, одан жалмауыз кемпірдің үйіне жол көрсетуін сұрайды.

Орман: Ондай болса, сендер маған «жақсылық, рухани» - дегеніміз не екенін түсіндіріңдерші.

Балалар «жақсылық, руханилық» туралы айтып беріп, орманнан әрі қарай жолды сұрап, әрі қарай жүре түседі.

Жолда келе жатып балалар Айсұлудың өлең айтқан дауысын естиді.

Мұғалім: - «Балалар, бұл кімнің дауысы» - дейді бірауыздан. Соңғы кедергі суретті ашып, онда орман ішіндегі жалмауыз кемпірдің үйін көрсетеді. Балалар үйге жақындағанда, үйден жалмауыз кемпір шығып:

Кемпір: Балалар, сендер адал достар екенсіңдер, сонша жол жүріп, адаспай кездескен кейіпкерлерге де көмектесіп, білім үйретіпсіңдер, достарыңа көмек ұшын бергелі отырсыңдар. Енді менің көңілімді көтеріп маған ән айтып беріңдер, сонда ғана мен сендерге айдай сұлу Айсұлуды қайтарып беремін. Балалар кемпірге ән айтып беріп достарын кемпірден құтқарып алады. Айсұлуды ертіп, жалмауызбен қош айтысады.

Мұғалім: Рақмет сендерге балалар, сендер Батырға және Айсұлуға көп көмек көрсеттіңдер. Достықтарыңның адал екенін дәлелдеп бердіңдер.

Психолог: Жағдаятты талдау:

Балалар, мына жағдаятты қалай түсінеді екенсіңдер, маған жауап беріңдерші.

1-жағдаят: «Сен мысықтың бейшара баласын тауып алдың. Бірақ ата-анаң оны үйге әкелуге қарсы. Бұл мәселені қалай шешесің?»

2-жағдаят: «Кезінде сені қатты ренжітіп, өкпелеткен адам саған мейірімділік көрсетті. Оның бұл қылығына қалай жауап қайтарасың?»

3-жағдаят: «Үйге қонақ келіп қалды. Анаң «тез барып кел», деп дүкенге жұмсады. Кезекті ұзақ күттің. Сенің алдыңдағы қарт адам қолдары дірілдеп, алақанындағы тиынын санап бола алмай жатыр. Сенің әрекетің қандай болмақ?»

Ән: «Бақытты балалық шақ»

Қорытынды:

«Кешірім» жаттығуы.

Жүргізілуі: Ортаға қағаздан қиылған екі парақ қойылады. Біреуі ақ және біреуі қызыл. Қызыл параққа оқушы тұрып, өзінің отбасын немесе жақын адамын ренжіткен кезін есіне түсіріп айтады да, ақ параққа тұрып кешірім сұрайды.

«Жақсы адам көңілі - күн»

Жақсы адам көңілі - күн,

Жанға сәуле түсірген.

Нашар адам көңілі - түн,

Кеудеден отты өшірген.



ДОСТЫҚ - ӨМІР МӘНІ

Гүлім Тарғынқызы Тәждәулетова

Қосөткел негізгі мектебінің психологы,
Қосөткел ауылы, Қобда ауданы,
Ақтөбе облысы

Мақсаты:

Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету; коммуникативтік өрісті дамыту.

Міндеті:

адами қарым-қатынастағы достық ұғымы туралы түсінік беру; оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету; оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Барысы:

1. Сәлемдесу
Үлкенге де «Сіз»,
Кішіге де «Сіз»,
Бар адамға құрметпен
Бас иеміз біз.

Танысу жаттығуы

Өз есіміңізге сын есім қосып танысайық.
Әдепті - Алмат
Жағымды – Ақниет
Мейірімді – Раушан
Ажарлы – Нұртай
Айдай – Кенжебек
Жайдарлы - Арсен
Кел, ойланайық, пікірлесейік.

- Достық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Шын досты қалай білуге болады?
- «Досы көпті жау алмайды» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Достары көп болу үшін адам қандай болуы қажет?

«Достық. Бірлік» үйін салу.

- Балалар, біздің адал достарымыз әлі де көп болу үшін, үлкен үй салуымыз керек.
Сол үшін үйді бәріміз бірге салып көрейік.

Мақал-мәтелдер

1. Шын дос үшін қалайда
Тік қатерге басыңды,
Айыра біл алайда
Досың менен қасыңды,

2. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
3. Досың мың болса да аз,
Дұшпаның біреу болса да - көп.
4. Досыңменен дос болғанға шаттан,
Дұшпаныңменен дос болғаннан сақтан.
5. Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.
6. Өрге жүзген өнегелі ісіңмен,
Адал дос тап тең құрбыңның ішінен.

Тыныштық сәті.

- Балалар, орындарыңызға емін-еркін жайғаса отырыңыздар. Енді көзімізді жұмып, әркім өзінің досы, оның жақсы қасиеттерін айтамыз. (2-3 секунд)
- Балалар, достарымызды ойлап болсақ, көзімізді ашайық. Параққа аты-жөнімізді жазып, ойлаған досымыздың есімін жазайық.

Социометрия әдісі

Мақсаты: балалар ұжымындағы өзара қарым-қатынасты анықтау, алынған мәліметтерді оқу-тәрбие жұмыстарында қолдану, топ ішінде психологиялық қолайлы жағдай орнату.

Нұсқау: Балалар, сіздерге қазір сұрақтар қойылады. Сол сұраққа осы өз сыныптастарыңнан үш адам есімдерін жазасыңдар.

1. Сыныбыңда кімді ең жақын досым деп ойлайсың?
2. Партада кіммен бірге отырғың келеді?
3. Ең жақын досыңның туған күні. Сен досыңа не сыйлар едің?

Жүректен жүрекке

Балалар шаттық шеңберіне келе қойыңыздар. Енді қасымыздағы адамға жүрегіміздегі жақсы жылы лебізді білдірейік. Мұғалімдерге жүрекке жылы сөздер жазып беру. Сабаққа қатысқан оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін күнге жабыстырады.

Үйге тапсырма.

«Жүректен шыққан» деген күнделік арнау. Күнделікке кімнен жақсы сөз есіттің, кімге жақсы сөз айттың, сол жақсы жылы сөздерді жазып жүру.

«АДАМ МІНЕЗІМЕН ТАНЫЛАДЫ»

Айнаш Куанышқызы Есбосынова
№10 орта мектебінің психологы
Фарфороровый ауылы,
Целиноград ауданы, Ақмола облысы

*Өзгермейтін, түзелмейтін мінез болмайды,
сондықтан бір жағалық қылықты ақтал, ашылып алу
үшін мінезгеі кемістікті сылтау ету дос сөз.
Адам өз мінезіне өзі жауапты.*
Б.М.Теплов

Мақсаты:

- оқушылар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату;
- басқаның қайғысы мен қуанышына орақтаса білуге, эмоциясы мен мінез-құлқын меңгере білуге үйрету;
- адамдар арасындағы сыйластыққа, сенімді қарым-қатынасқа қол жеткізу үшін өз эмоцияларын басқаруға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- орынсыз ашуға берілмеуге үйрету;
- өзін сенімді сезінуге дағдыландыру;
- өз сезімдері туралы ойланып, басқалармен бөлісуге үйрету;
- эмоциялық-еріктік сферасын дамыту;
- мінезіндегі эмоцияға байланысты ішкі күштерін бақылау дағдысын күшейту.

Әдістері: топтық пікірталас, ойындар, медитативтік техникалар.

Кестемен жұмыс:

Сезімдер атауы	Көбіне мен өзімді сезінетін орындар					
	Үйде	Көшеде	Мектепте	Жаңа ортада	Достарымның ортасында	Басқа жерде (қайда?)
Көбіне						
1. Ашу-ыза						
2. Қуаныш						
3. Зерігу						
4. Қорқыныш						
Бүгін						
1. Сағыныш						
2. Қорқу						
3. Таңқалу						
4. Тағы басқа						

Ал, балалар бүгінгі кездесуімізде жағымсыз эмоцияларды сөйлетеміз. Жағымсыз эмоцияларды қалай жоюға болады? Сені түсінетін және бөлісетін достар арасында өз жағдайыңды жайып салу арқылы жағымсыз эмоцияны жоюға болады. Егерде сен жалғыз болсаң, өз ашуыңды бір затты қатты жұмарлау, ұру арқылы бәсеңдетуге болады. Ашу күші иық бұлшықеттері мен қолдың жоғарғы жағы, саусақтарға жиналады. Кез-келген дыбыс шығару арқылы жағымсыз күштің бәрі тамаққа жинақталады.

Ең толыққанды жаттығуды спорттың кез-келген түрімен айналысу арқылы аламыз. Сондықтан нағыз спортшылардың тек дене

Құралдары: интербелсенді тақта, оқушы санына байланысты жаңғақ, ватман, әртүрлі бейнелеу құралдары, А4 ақ қағазы, тест, әдістемелер бланкі, жартылай салынған эмоциялар.

Тренинг барысы:

Психолог сөзі: Адам өмірі – іс-әрекеттер тізбегінен, басқалардың әрекеттерін қабылдаудан және оларға деген түрлі көзқарастардан тұрады. Кез келген әрекетті дұрыс түсініп, қабылдай білу әркімнің қолынан келмейді. Алайда адамның өзін осы қабілетке баулып, тәрбиелеуге мүмкіндігі мол. Балалар, адамдар күнделікті өмірімізде қарым-қатынас жасауда түрлі жағдайларға байланысты бір күнде түрлі эмоция көрсетуіміз мүмкін. Яғни, жағымды немесе жағымсыз. Сол себепті бірінші мына берілген сұрақтарға шынайы жауап берулеріңізді сұраймын. Тек бірінші бағанасын толтыру керек.

ғана емес, сонымен бірге рухани денсаулығы жақсы болады.

Адамға табиғат та жақсы әсер етеді. Орманда серуендеу, өзеннің жылжып ағуы немесе көлдің байсалды айдыны, ормандағы дыбыстар мен иістер ең қиын сәттерде де рухани теңдік пен жұмыс қабілетін оята алады.

1. Жаттығу: Ырғақты кезектесіп тыныс аламыз. Қатарынан 3-4 рет қысқа дем шығарамыз, сосын дәл сондай қысқа дем аламыз. Осының арқасында терең дем алғанда миға баратын импульстар бәсеңдейді, ал бұл стресстік жағдайда өте маңызды.

Табиғат миымызға психикалық ауырлық-

тардан қорғанудың керемет құралын берген, олар күлкі мен жылау. Күлкі жүйке жүйесінің қорғанышының өздік түрі болып табылады. Оның мүмкіндігі қысқа дем шығару серияларының мүмкіндігімен пара-пар. Ал бұл қауіпті импульс ағындарына бөгет болады. Енді, эмоциялық күшті түсіруге арналған бірнеше жаттығулар орындаймыз. Бұл жаттығуда жылау мен күлкінің емдік қасиеттері біріккен.

2. Жаттығу: Саусақтарымызды жұдырыққа жинаймыз, бас бармағымыз ішке бүгілген болу керек. Демімізді жай сыртқа шығарып, асықпай жұдырығымызды күшпен қысамыз. Сосын жаймен жұдырығымызды босата отырып, дем аламыз. Енді бұл жаттығудың тиімділігін еселеу үшін көзімізді жұмып жасаймыз.

2. Екі грек жаңғағын алып, алақанымыздың әрқайсысында айналдырып, шеңбер қозғалысын жасаймыз.

3. Ең кіші саусағымыздың басына жай масса жасаймыз.

4. Алақанның бір шетіне жаңғақты қойып, екінші қолымыздың алақанымен қысып, айналдырып, 3 минут жаттығу жасаңыз.

3. Жаттығу: Менің бет-әлпетім.

Психолог: Қазір мен адам беті бейнеленген қағаздар үлестіремін. Нұсқауға орай суретті

«Көңіл-күйді анықтау» тесті

Психолог: «Төмендегі реакциялар саған қаншалықты сәйкес келетінін бағала. Жауап бланкісінде қандай сұрақтарға «иә» деп жауап берсең, сұрақ нөмірін қорша. Қоршалған сұрақтарды 1 ұпай деп бағалап, бір-біріне қос.

1. Мен ашуланған кезде біреуді ұруым мүмкін.
2. Кейде қатты ашуланған кезде кез-келген затты лақтырып жіберемін.
3. Мен тез ашуланамын, бірақ тез басылам.
4. Менен жақсылап сұрамайынша өтінішті орындамаймын.
5. Маған тағдыр әділетсіз болып көрінеді.
6. Артымнан адамдар мен туралы не айтатынын білемін.
7. Егерде адамдар менімен келіспесе, бәстеспей тұра алмаймын.
8. Егерде мен біреуді алдасам, өте қынжыламын.
9. Мен адамды ұра алатын сияқты болып көрінемін.
10. Ашуланған кезде есікті тарс ұрамын.
11. Кейде адамдар жай қасымда отырса да, тітіркендіреді.
12. Егерде маған қандай да бір ереже ұнамаса, оны бұзғым келеді.
13. Кейде мен өзімді көрсете алмасам да қызғаныш сезімі билейді.
14. Менің ойымша көптеген адамдар мені ұнатпайды.
15. Адамдар менің құқымды сыйлауын талап етемін.
16. Кейде менің ойыма өзім ұялатындай ойлар келеді.
17. Мені төбелесуге дейін апаратын адамдарды білемін.
18. Мен кейде ашуымды үстелді ұру арқылы білдіремін.
19. Кейде мен үрілген шар секілді жарыламын.
20. Егерде біреу мені басқарғысы келсе, қарсы шығамын.
21. Менің жек көретін адамдарым бар.
22. Біршама адамдар мені көре алмайды.
23. Ашуланған кезде ұрсып тастаймын.
24. Жұмыс жасамау үшін алуан түрлі сылтау табатын адамдар өздерін кінәлі сезіну керек.
25. Егерде мені біреу ренжітетін болса, мен сыбағасын беремін.
26. Кейде мен қолыма түскен заттың быт-шытын шығарамын.
27. Маған ұнамайтын адамдарға дөрекі сөйлей аламын.
28. Мені менсінбей сөйлесетін болса, еш нәрсе істегім келмейді.

толықтырыңыз. (Төрт бланкіде эмоциялар бейнеленген: 1. Мен бақыттымын. 2. Мен көңілдімін. 3. Мен ашулымын. 4. Мен қорқамын). Енді сізде не шыққаны жөнінде әңгімелейміз.

Талдау:

Мұндай бет-әлпет сенде қай уақытта болады?

Сенің көңіл-күйіңнің жоқтығын айналадағылар қалай біледі?

Сен өз ашуыңды кімнен, қалай аласың?

Өз сезімдеріңді қоршаған ортаға көрсетесің бе, әлде ішке ұстайсың ба?

Жаттығу: «Менің бұйрығымды орында»

Оқушылар ішінен бір оқушы шығады. Ол басқаларға қарап, нұсқаулар береді, оның нұсқаулары әртүрлі интонацияда айтылады. Балалар оны қайталауы керек.

1. Қарама-қарсы тұрады.
2. Орындық үстінде тұрады.
3. Партаның үстінде тұрып айтады.

Жаттығудан кейін оқушылардың не сезінгендері туралы әңгімелеседі. Яғни, көптеген түсінбеушіліктер адамға бағытталған сөздің интонациясына да байланысты болуы мүмкін. Бір сөйлемнің айтылуына орай, мың мағына береді деген осы.

29. Мен адамдарға нашар қатынасымды жасыруға тырысамын.
30. Кейде менің сыртымнан күлетін сияқты болып көрінеді.
31. Кімде-кім менің жыныма тиетін болса, ол туралы не ойлайтынымды бетіне айтып саламын.
32. Мен ата-анама аз көмектесетінім үшін қынжыламын.
33. Егерде мені бірінші болып біреу ұрса, мен де дәл солай жауап беремін.
34. Ұрыс-керісте мен жиі дауыс көтеремін.
35. Мен ұсақ-түйекке ашуланамын.
36. Кімде-кім өзін басшы ретінде бейнелесе, сол кісіні орнына қоюға тырысамын.
37. Мен алған мадақтаулардан гөрі әлде қайда көп мықтымын
38. Маған қастандық жасағысы келетін жауларым бар.
39. Мен қорқыта аламын, бірақ орындатуға мәжбүрлемеймін.
40. Мен соңынан өкінетін көп әрекеттер жасаймын.

Жауап бланкісі:

1. Физиологиялық агрессия 1, 9, 17, 25, 33
2. Жанама агрессия 2,10, 18, 26, 34
3. Ашулану 3, 11, 19, 27, 35
4. Негативтік 4, 12, 20, 28, 36
5. Ренжігіштік 5, 13, 21, 29, 37
6. Күмәншілдік 6, 14, 22, 30, 38
7. Сөздік агрессия 7, 15, 23, 31, 39
8. Кінә сезімі 8, 16, 24, 32, 40

Физиологиялық агрессия – қарапайым агрессия түріне бейімділік. Саған туындаған сұрақтарды күш арқылы шешу тән. Мүмкін сенің өмір сүру дағдың, не жеке ерекшеліктерің өзара қатынас жасаудың тиімді тәсілдерін қолдануға кедергі келтіретін шығар. Жауап агрессиясын шақыруға тәуекел етесің.

Жанама агрессия – әрине үстелді ұру, серігіңнің басынан ұрғаннан жақсы. Дегенмен мұны әдетке айналдырудың қажеті жоқ. Жиһаз бен ыдыс-аяқты ая. Себебі бұл тікелей шығын. Сонымен қатар жарақат алуың да мүмкін.

Тітіркену - жасырын не іштей тітіркену бірден басқа адаммен қарым-қатынасты бұзуға әкелмейді, бірақ сыртқа жарылып шыққанша күкірт қышқылы сияқты іштей жейді. Сыртқа шыққанда физиологиялық және жанама агрессиядай болады.

Негативизм – жасөспірімге тән, өштесу сезімінен туатын мағынасыз, тіпті бұзуға әкелетін реакция. «Бас жарып, қол шығаратын...» мәтеліндегі әрекет.

Ренжігіштік – басқа адамдар сөзінен және әрекетінен келеке, менсінбеу, жаратпаушылықты көруге бейімділік. Мұндай адамдар өз өмірін өзі улайды.

Күмәншілдік – басқа адамдардың сөзі мен ісінен өзіне бағытталған жасырын арам ниет көру. Егерде бұл шектен шығатын болса, денсаулыққа кері әсер етеді.

Сөздік агрессия – айтылған сөз атылған оқпен тең. Сондықтан андамай сөйлеген ауырмай өлетінін ойлау керек.

Кінә сезімі – сені ешкімді ұрмағаның, ештеңе сындырмағаның, ешкімге қатты сөз айтпағаның үшін құттықтаймыз. Сенде ыңғайсыздық сезімі, өзіңді кінәлі сезіну қайдан пайда болды? Кейде, менің кесірімнен болды, басқа жерге дейсің кетіп қалсам ғой. Бірақ, олай емес, сен кетсең басқа нысан табылады. Сондықтан, сен

керісінше керексің.

Егерде сен өзіңді өзің ұстай алатын болсаң, басқара да аласың. Эмоцияны басқару жабайы жылқыны қолға үйретумен тең екенін ұмытпауымыз керек. Оның тізгінін не жіберуге, не тізгіндеуге болмайды. Екеуі де міндетті түрде сәтсіздікке апарады. Жабайы жылқыны үйрету үшін қанша шыдамдылық қажет екенін ұмытпауымыз керек.

«Өз құндылықтарым мәлімдемесі» жаттығуы

Психолог: Қазір мен сендерге «өз құндылықтарымның мәлімдемесін» оқимын. Бұл әркімнің өзіне арналған әнұраны іспеттес. Барлығымыз дауыстап бірге оқимыз:

Мен - бұл мен. Бүкіл әлемде дәл Мендей ешкім жоқ. Барлық менің жеңістерім мен жеңілістерім менікі. Менің барлық қиялдарым, армандарым, менің үміттерім, қорқыныштарым менікі. Сондықтан мен өз-өзіммен өте жақын таныса аламын. Мен өз-өзімді жақсы көре аламын және достаса аламын. Сонымен бірге Мен мендегі барлық қасиеттерді менің қызығушылығымды оятуға жұмылдыра аламын.

Мен көремін, естимін, сезінемін, ойлаймын, сөйлеймін және әрекет ете аламын. Басқа адамдарға жақын болу үшін және айналамдағы заттар мен адамдар әлеміне мән мен тәртіп енгізу үшін Менде бәрі бар.

Мен тек өзіме тиесілімін, сондықтан Мен өзімді өзім жасай аламын.

Мен – бұл Мен. Мен кереметпін.

Талдау:

Рефлексия: Өзіңізді қалай сезіндіңіздер? Топпен өзіңнің көңіл-күйіңді және рухани жан-дүниенің туралы бөліс. Бұл жаттығудан не алдыңыз?

Жақсы мінез, жылы сөз - жан дәруі,

Жігіттің керек мұны аңғаруы.

Бейпіл сөйлеп, тік мінез танытқанның

Тіптен оңай адасып, сандалуы.

Мінездер бар жақсы-жаман, әр алуан,

Әдептілік әділдіктен нәр алған.

Кең болғанның кем болғанын көрмедім,

Теңізге ұқсап тасып жатқан шараңнан.

Қ.Нақысбеков

Кері байланыс: Жоғарыдағы кестенің екінші бөлімін толтыру. «Адамдар мінезімен танылады». М.Тепловтың нақыл сөзімен аяқтау.

ОҚЫТУШЫЛАР БОЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ЖЕКЕ СТИЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

Анар Қалдыбекқызы Жұманова

Шымкент қаласы «№6 колледж»
МКҚК әдіскері, психология және кәсіптік
қызмет әдебі пәні оқытушысы,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Тренинг - оқытушылардың бойындағы мынадай маңызды сапаларды: кәсіби іс-әрекеттердің эффективті, индивидуалды стилін қалыптастыру; студенттермен, олардың ата-аналарымен, колледж басшылығымен, әріптестерімен, өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып дамыту үшін қажет. Колледждегі студенттердің арасында тәртібі «қиын» балалар болғандықтан, тренинг жаттығулары оқытушылар мен студенттер қарым-қатынасының тиімді жолдарын шешудің жолын қарастырады. Тренингке қатысушы оқытушылар жаттығу барысында басқалардың іс-әрекетін бақылай отырып, өз мүмкіндіктерін бағалайды, эмоциялық тұрғыда көңіл-күйлерінің орнығып, жұмысқа қабілеттері артады.

Тренинг мақсаты: оқытушыға жеке тұлғаның өзіндік «Менін» тереңірек таныту, өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру, жылылық, сенімділік деңгейін, біліктілік дағдыларын, ой-қиялын дамыту.

Тренинг түрі: іскерлік ойын

Тренинг әдісі: топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: слайдтар

Тренингтің жүру барысы:

Қайырлы күн! Мен сіздерді осы тренингті өткізу барысында көргеніме қуаныштымын! Бұл сіздермен тамаша кездесудің орайы туып, шамалы өзімізді босаңсытып, демалып, ойнап, әріптестерімізді жаңа қырынан танып, ең бастысы бір-бірімізге қуаныш, жаңа тілектер сыйлай алуымыз.

1-жаттығу: «Басқаға тілек»

Керекті құрал-жабдықтар: доп

Оқытушылар шебер болып отырады. Жүргізушінің қолында доп.

Жаттығу бүгінгі күнге бір-біріне тілек айтудан басталады. Тілек өте қысқа бір сөзден болуы керек. Өзіңіз қалаған адамға допты лақтырып тілек айтасыз. Өз кезегінде допты лақтырған

қатысушы бүгінгі күнге келесі қатысушыға тілек айтады.

Доп тренингке қатысушылардың барлығына лақтырылуын қадағалаймыз, ешкімнің қалыс қалмауы қажет.



2-жаттығу «Грек жаңғағы»

Жаттығудың жүру барысы:

Бұл жаттығуды өткізу үшін бір қалтаға салынған грек жаңғақтары керек (қатысушылардың санына байланысты).

Жүргізуші ортаға жаңғақты төгіп, әр қатысушының 1 данасын өзіне алуын ұсынады. Жаңғақты алушы бір мезгіл өзі алған жаңғақтың құрылымына көңіл бөліп, оның жеке ерекшелігін зерттеп есінде қалдыру керек.

Сонан соң жаңғақты қайтадан қалтаға жинап салып, араластырып, қайтадан ортаға төгеді.

Әр қатысушының мақсаты - өз жаңғағын табу.

Тренинг ережесі бойынша бір көрген «өз жаңғағыңды» қалай таба білуі.

Әр жаңғақ өз иесін тапқаннан соң, жүргізуші пікірталас, талдауға кіріседі. Бір қызығы, қатысушылар өз жаңғағын қалай тапты, қандай ерекшелігімен есінде қалды, сосын оны табу үшін қандай ерекшеліктерін көрді (әлде барлығы алып болған соң, соңғысын ала салды ма?).

Бір көргенде барлық жаңғақ құрылымы жағынан бір-біріне ұқсас, бірдей. Ал егер зер салып қарасақ, өз жаңғағыңды басқа жаңғақпен шатастырып алу мүмкін емес.

Колледждегі студенттер де тура осындай: олар әр түрлі, әр бірінің өз жеке ерекшелігі бар, ешкімге ұқсамайтын өз тартымдылығы, өз әдемілігі болады. Тек әр оқытушы әр баланың бойындағы ерекшелікті көріп, тани білу керек. Оқытушының бойында осындай тану қасиеттері болу керек.

Жаңғақты қатысушыларға сыйлық ретінде қалдырады.

3-жаттығу «Колледж ауа-райы»

Сіз асханадан ішінде тәтті қоймалжыңы бар тоқаш сатып алдыңыз. Бірақ сіз үйге келгеннен соң тоқаш жегенде ішінде ең маңызды ингредиент – тәтті қоймалжыңы жоқ екенін түсіндіңіз.

Осы ұсақ сәтсіздікке Сіздің реакцияңыз?

1. Асханаға жарамсыз тоқашты қайтарып апарасыз, орнына басқасын беруді талап етесіз.

2. Өзіңізге айтасыз: «Бұндай жағдай болады»- деп іші бос тоқашты жеп қоясыз.

3. Орнына басқа нәрсе жей саласыз.

4. Тоқаш тәтті болу үшін май, тосап жағып тәтті етіп жеп аласыз.

(нұсқалары жазылған кеспе қағаз таратылады)

Егер сіз бірінші нұсқаны таңдасаңыз, онда сіз – байбаламға берілмейтін, білгір, басқа адамдар сіздің кеңесіңізге жүгінетін адамсыз. Өзіңізді ұйымдастырушы, парасатты тұлға ретінде бағалайсыз. Жауаптың бірінші нұсқасын таңдаған адам көшбасшы болуға ұмтылмайтын, бірақ оны командалық қызметке таңдаса оған артылған сенімді жауапты орындайтын адам. Кейде сіз әріптестеріңізге жоғары сезіммен қарайсыз, алайда өзіңізді қолайсыз жағдайда қалдырмайсыз.

Егер сіз екінші нұсқаны таңдасаңыз, онда сіз – шыдамды, сабырлы және икемді адамсыз. Сізбен тіл табысу оңай және әріптестеріңіз сізден қолдау табады. Сіз у-шу және абыр-сабырды ұнатпайтын, басқаларға жол беретін, көшбасшыға қолдау көрсететін жансыз. Сіз әрдайым керек орында және керек уақытта табылатын адамсыз. Кейде сіз жасқаншақ сияқты көрінесіз, алайда өзіңіз сенімді ой-пікірлеріңізде нық тұрасыз.

Егер сіз үшінші нұсқаны таңдасаңыз, онда сіз - тез шешім қабылдап, тез іс-әрекет ететін жансыз (барлық кезде дұрыс болмаса да). Сіз беделдісіз, барлық жұмыста басты рөлді атқаруға дайынсыз. Өте маңызды іс-шараларға дайындалу және өткізу кезінде конфликттер туындауы мүмкін, өйткені сіз әріптестеріңізбен қарым-қатынаста табандылық және өткірлік танытасыз, нақтылық пен жауаптылықты талап етесіз.

Егер сіз төртінші нұсқаны таңдасаңыз, онда сіз - қалыптасқан үлгіден тыс

ойлайтын, жаңашыл идеяларға қабілетті жансыз. Әріптестеріңізге ойын серіктесі ретінде қарайсыз және олар сіздің ережеңізге сәйкессіз ойнаса - ренжисіз. Сіз әрдайым қиындықтарды шешудің бірнеше нұсқасын ұсынатын адамсыз.

Бұл тренингтен біз қатысушылардың бір-біріне жан-дүниелерінің жақындығын білеміз.

Яғни, эмпатия (лат. *empathia*) – өзге адамдардың жан-дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Эмпатияны алғаш рет АҚШ психологы Э.Титченер (1867 – 1927) зерделеді. Ол философиядағы “ұнату” сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті. Сол арқылы адамның күйзеліске түсу себептерін ғылыми тұрғыда жүйелеп шықты.

Эмпатия адамның өзгелер қайғы қасіреті, түрлі жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, жанашырлық білдіріп, солардың ауыр халінің өз басына түскендей көңіл күйде болуы. Эмпатия өзге адамдардың жан-дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру. Эмпатия айқын көрінісі - идентификация. Бұл адамның өзге адамның психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халде болуы.

Жүргізуші:

Осы тренингті өткізу барысында біз бір-бірімізге деген сезімімізді, ықыласымызды нығайта түстік деп ойлаймын. Студенттерге деген ұстаздық қарым-қатынас шегін шыңдадық, өзімізді жаңаша бір қырымыздан тани білдік. Сіздерге назар қойып тыңдағандарыңызға, бір кісідей қатысқандарыңызға алғысымды білдіремін.



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ КӘСІБИ ТҰРҒЫДА ОҢАЛТУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Үміт Есенбаева

Аяқ-қолы кемтар балаларға арналған
№2 арнайы (түзету) мектеп интернаты,
Алматы қаласы

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби оңалтудың ең басты міндеті, оларды еңбекке тиімді орналастырудың кешенді іс-шараларын жүзеге асыру.

Бұл, әрине, айта салуға ғана оңай. Әсіресе, әлемдік экономикалық дағдарыс салдарынан барлық жерде өндіріс, кәсіпорындар жабылып, жұмысшы саны қысқартылып жатқан бүгінгі таңда еңбек қабілеті төмен ауру немесе мүгедек жандарды қойып, қолаяғы балғадай азаматтарымыздың өзі екі қолға бір күрек таппай жүргені жасырын емес. Сондықтан, мүгедек жандарды өмірдің қалыпты жағдайына бейімдейтін оңалту іс-шараларының маңызы қазіргі кезде тіптен артып отыр. Психологиялық құбылыс мүгедектің тұлғалық-психологиялық бейімделуі ретінде, сонымен қатар қоғамның мүгедектік мәселелерін эмоциялық-психологиялық қабылдауы ретінде де бейнеленеді. Мүгедектер мен зейнеткерлер халықтың аз ынталанған тобына жатады. Және қоғамның аз қорғалған, әлеуметтік әлсіз бөлігі. Бұл ең алдымен, мүгедектікке әкелген, аурудан туындаған физикалық жағдайының кемшіліктеріне байланысты. Одан басқа, бұл топтардың әлеуметтік қорғалмағандығы, көп мөлшерде, олардың қоғамға қарым-қатынасын қалыптастыратын және олармен байланысты қиындататын психологиялық фактормен байланысты. Психологиялық мәселелер мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың сыртқы әлемнен алшақтауы кезінде пайда болады.

Оларды оңалтудың жолы қандай? Бұл түрлі кәсіби мамандықтар бойынша оқыту, қайта оқыту, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды еңбекке орналастыруға өндірісті дайындау,

олардың еңбегін бақылау сияқты сан-салалы іс-шаралардан тұрады.

Реабилитация (оңалту) дегеніміз – ауру адамдардың және мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың еңбекке қабілеттілігін арттырып, оларды өмірдің қалыпты жағдайына барынша тиімді және барынша жылдам оралтуға бағытталған мемлекеттік, медициналық, кәсіби, психологиялық және басқа да әлеуметтік іс-шаралар.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіби мамандығы бойынша оқуына және жұмыс істеуіне қабілеттілігін анықтайтын негізгі құжат – медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы. Медициналық-әлеуметтік сараптама мүгедек деп танылған тұлғалардың денсаулығына зиян тигізбейтін еңбек түрлерін таңдауға көмектеседі. Медициналық-әлеуметтік сараптама мүгедекке өз мамандығы бойынша кәсібін жалғастыруды ұсына отырып, еңбектің сипаттамасындағы және жағдайындағы қажетті жеңілдіктерді, кейде еңбек орнын қайта жарақтандыруды, протездермен немесе еңбекке қажет құрал-жабдықтармен қамтуды қарастырады. Еңбек ұсынысында біліктілікке және өндірістік іс-әрекет көлеміне жақын мамандықтар көрсетіледі.

Мүгедекке нақты еңбектің қолжетімді түрін көрсетеді. III топтағы мүгедектерге өз мамандықтары бойынша жұмыс ұсыну басты назарда болады. Ал, I және II топтағы мүгедектерге арнайы жағдай жасалғанда ғана мамандықтарын және денсаулықтарын ескере отырып, еңбек ұсыну көзделеді.

Жұмыс істеп жүрген мүгедекке әлеуметтік көмек тек мүгедектікке байланысты жәрдемақы төлемінен, арнайы мемлекеттік жәрдемақыдан ғана тұрмайды, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы ретінде әлеуметтік сақтандыру

қорынан бөлінетін әлеуметтік төлемнен де тұрады.

Бұл шараға байланысты елімізде 2003 жылдың 25-ші сәуірінен «міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң қабылданды. Бұл заң әлеуметтік қорғаудың бір түрі ретіндегі азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдас-тырушылық негіздері бекітілген.

Мүгедек адамның кәсіби өзін-өзі анықтауындағы қиындықтар өз күшіне сенімсіздік және жасқаншақтықпен шақырылса, олардың кәсіби мағыналылығы тұрғысынан өз ерекшеліктерін дұрыс бағалау мен саналауға көмек көрсету ерекше мағынаға ие. Дұрыс нәтиже болып мүгедек адамда өзінің жеке кәсіби жолын сапалы және өз бетімен жоспарлау қабілетін, сонымен қатар оның жүзеге асу жолдарын анықтау қабілетін қалыптастыру саналады.

Психологиялық көзқарастан мүгедек адамдарға отбасында жиі кездесетін екі шектеуді бейтараптандыру өте маңызды: отбасымен жеке жұмыс жүргізумен қатар, топтық жиналыстар өткізе отырып, көмек бере алады. Осындай мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған шаралардың бірі ҚР мүгедектерін реабилитациялаудың (оңалту) 2002 – 2005 жылдарға арналған Бағдарламасы. Бұл бағдарлама ҚР Үкімет жарлығымен 2001 ж. 29 желтоқсанда 1758 – ші нөмірмен қабылданды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты - мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалту жүйесін, олардың қоғаммен жан-жақты араласуы үшін мүмкіндіктер жасау, тәуелсіз өмір салты үшін жағдайды қамтамасыз ету.

Бағдарлама міндеттері:

- мүгедектік төмендеуін қамтамасыз ететін жағдай тудыру;
 - мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтудың жеке бағдарламасын өңдеу және жүзеге асыруды қамтамасыз ету, онымен қоса оларды медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту бойынша кепілдірілген оңалту және басқа да техникалық құралдар және қызметтермен қамтамасыз ету;
 - мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кешенді оңалту дамуы, тордың дамуы және оңалту мекемелердің материалдық-техникалық негізін бекіту бойынша тәжірибелік іс-шараларды ұйымдастыру;
 - денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт жүйелерінде мүгедектер үшін іс-шаралар мен қызметтер қатары көлемін кеңейту;
 - мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалту сұрақтары бойынша білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт жүйелерін ұйымдастыру жұмысының түрі мен әдісін дамыту.
 - мүгедектерге өз шығармашылық потенциалын қолдануға, әнмен, әдебиетпен, театрмен және басқа да өнер түрлерімен айналысуға мүмкіндіктер беру мақсатымен оларды кәсіби дайындау іс-шараларын жүзеге асыру.
- Сонымен, мүмкіншілігі шектеулі адамдармен әлеуметтік жұмыс, оларды қайта қалпына келтірудегі мемлекеттің рөлі өз мақсатында физикалық және ең бастысы, әлеуметтік және психологиялық игіліктерді қамтиды.



Сиқырлы сандар

Сопыбекова Г.М.

№31 «Ақ сұңқар» балабақшасы
ортаңғы «Ақкөгершін» тобының тәрбиешісі,
Астана қаласы

Мақсаты: 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау, геометриялық пішіндерді ажырату, ұзын, қысқа, ұзындығы бірдей деген ұғымды ұғындыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: сурет, сандар, дидактикалық ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балалар әсем әуенмен топқа кіріп, шеңбер болып тұрады.	Күн шықты алақай! Қуанатын күн келді Қайырлы таң! Қайырлы күн! Келіп шықты күн бүгін. Сәлеметсіз бе? Есенсіз бе? Амансыз ба? Бәріміз күндей жарқырайық. Бәріміз тату болайық. Достығымыз жарассын.
Ұйымдастыру кезеңі	Балалар қандай жыл мезгілдерін білесіңдер? Ал, қазір жылдың қай мезгілі? Бір аптада неше күн бар?	Қыс, көктем, жаз, күз Қазір көктем мезгілі Дүйсенбіде доп ойнадым далада, Сейсенбіде серуен құрдық қалада, Сәрсенбіде серуен құрдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде біз жиналып демалдық осылайша, өте шықты бір апта.
Таңғажайып сәт	Ән ырғағымен жалмауыз кемпір кіріп келеді. - Балалар мен орманнан келдім. Сендердің сандарыңды сиқырлап қойдым. Балалар, менің сендерге беретін тапсырмамды дұрыс орындасаңдар, сандарың үйлеріне қайтады. Балалар сандарға көмектесеміз бе? 1-тапсырма. Сан мен санау. 2-тапсырма. Уақытты бағдарлау.	Балалар таң қалып қарайды. Кірпінің үстіндегі саңырауқұлақты санау. 1-ден 5-ке дейін санады. Таңертең, түс, кеш, түн Ерте тұрып күнде мен, Терезені ашамын Сәлем!- деймін күнге мен Шаттық әнге басамын (таңертең)

**3-тапсырма.**

Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Дидактикалық ойын.
Карлсонның киімін жамау.

**Сергіту сәті.**

Бойды сергіп тік ұста
Емін-еркін тыныста.
Оң қолыңды соз алға,
Қол ұшына қара да.
Үшбұрыш сыз ауада,
Сол қол босқа тұрмасын.
Шеңбер жасап тұрайық.

4-тапсырма:

Тура және кері санау.

5-тапсырма:

Ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей.

Біз сабақ оқып,
Содан соң киініп
Серуенге шығып, Келген соң шешінеміз,
Қолымызды жуамыз, тамақ ішіп
Ұйықтаймыз, уақыт қалай айтамыз?
(Түс)

Апай сау бол дейміз де,
Бет түзейміз енді үйге,
Бұл қай мезгіл, бұл қай кез?
Айта қойшы, ал тез?
(кеш)

Үйлерде шам жанады
Маңай тастай қараңғы.
Шаршаның ғой, күн ұзақ
Ал ұйықтай ғой құлыным,
Дем алады бар әлем.
Бұл қай мезгіл?
(Түн)

Төртбұрыш, үшбұрыш,
дөңгелек, тік төртбұрыш, сопақша.

Геометриялық пішіндер арқылы жамап берді.



Балалар 1 ден 5-ке дейін тура және кері санап берді.

Ертеде ұзындықтары бірдей бізде жасыл,
сары, қызыл қарындаштар кездесіп
қалыпты. Мен ұзынмын деп мақтаныпты
қызыл қарындаш, жаз бойы жапырақты
бояй-бояй қысқарып қалдым.

- Біздің ұзындықтарымыз бірдей дейді
сары қарындаш. Сөйтіп ұзын-қысқа
ұзындықтар бірге өмір сүрген екен.

	<p>Үстел үсті ойыны: «Пішіндерді бояу»</p> <p>Жалмауыз кемпір: - Балалар, сендер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар, уақытты бағдарлай біледі екенсіңдер. Сандарды санай біледі екенсіңдер, енді мен сендердің сандарыңды үйлеріңе жіберемін. Менің сиқырым енді жойылды. Қош сау болыңдар, сендерден көп нәрсе үйрендім, енді мен орманға кеттім.</p> <p>Логикалық есеп. Кіргінің бір шары бар еді, ол жарылып қалды, неше шар қалды?</p> <p>Қолымда 5 жұмыртқа, оның біреуі жарылып қалды, неше жұмыртқа қалды?</p> <p>Ақ балапан, сары балапан, шұбар балапан, қара балапан, барлығы неше балапан?</p>	<p>Көп пішінді көк түспен, аз пішінді қызыл түспен балалар бояды.</p> <p>1-саны: Достар мені бір дейді, Қарайды да бүйдейді. Мұқтажсың қол аяққа, Ұқсап тұрсың таяққа.</p> <p>2-саны: Мен екімін балалар, Екі деген баға бар. Алаңғасар жалқаудың, Алатыны екілік Басын шайқап өкініп.</p> <p>3-саны: Мен ғой үштің таңбасы, Зейін қойып тыңдашы Шідерлі аттай тусалып, Жүр біреулер үш алып.</p> <p>4-саны: Достар мені төрт дейді, Беске бірін жетпейді. Қуанады анасы, Төрт алғанда баласы.</p> <p>5-саны: Әр қолымда бес саусақ, Жетпейді оған еш саусақ. Бір мен екі алмандар Үшке алданып қалмандар.</p> <p>Түк қалған жоқ</p> <p>Төрт жұмыртқа қалды.</p> <p>Төрт балапан қалды.</p>
	<p>Қазір жылдың қай мезгілі? Сендерге қонаққа кім келді? Жалмауыз кемпір сандарға не істеді? Қандай тапсырмалар берді?</p>	<p>Көктем мезгілі Жалмауыз кемпір Сандарды сиқырлап тастады Жалмауыз кемпірдің тапсырмаларын орындадық.</p>

Күтілген нәтижесі:**Білу керек:** 1-ден 5-ке дейін тура және кері санай білу.**Нені игерді:** ұзын-қысқа ұзындықтары, бірдей деген ұғымды білу.**Нені білді:** Сандарды тура және кері санай білді.



ӨЗ ОРТАҢЫЗДА ҚАНДАЙСЫЗ?

Гүлжауһар Әбдіманапқызы Өтеулиева

«Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологы, Оңтүстік Қазақстан облысы

Мақсаты: Педагогтардың ұжымдағы қарым-қатынас іскерлігін өзара байланыс негізінде дамыту, көңіл-күйлерін көтеру.

Міндеттері: Тәрбиеші, мұғалім, логопедтердің бір-біріне деген қарым-қатынастарын нығайта отырып, жағымды жағдаяттар орнату.

Жоспар:

1. «Аялы жүрек» жаттығуы.
2. «Менің ең жақсы қасиеттерім» жаттығуы.
3. Өзін-өзі бағалауға арналған тест.
4. «Ұжымдық сурет» әдісі.
5. «Эмоция» жаттығуы.
6. «Кездескенше» жаттығуы.

Кіріспе: Қарым-қатынас дегеніміз – адамдар арасында бір-бірімен байланысқанда туатын күрделі процесс. Қарым-қатынас – ол адамдар арасында ақпарат алмасу. Адамдар бұл жерде бір-бірімен санасы мен ақылы арқылы ерекшеленеді.

Бүгінгі тренингті мұғалімдер, логопедтер мен тәрбиешілердің көңіл-күйлерін көтеруге, шығармашылық қабілеттерін бағалай білуге, өздеріне құрметпен қарауға, ұжымдық қарым-қатынас орнатуға арнаймыз.

1. «Аялы жүрек» жаттығуы.

Қатысушылар шеңбер жасай тұрып, өздеріне ұнаған түстегі жүрекшеге тілектерін жазып, тақтаға іледі. (оқылады)

2. «Менің ең жақсы қасиетім» жаттығуы.

Педагог орнынан тұрып, өзінің ең жақсы қасиеттерін айтып шығады. Екінші педагог та осылай жалғастырып кетеді. Мақсаты: өз бойындағы жақсы қасиеттерді ашу.

3. Өзін-өзі бағалауға арналған тест.

Ешқандай тестті жеткілікті түрде жетілген деп есептеуге болмайды. Дегенмен де ұсынылған сұрақтарға жауап беру арқылы өзіңізді-өзіңізді бағалап, қандай екеніңізді анықтап көріңіз.

1. Сіз қайта туылып, өміріңізді басынан бастауды армандайсыз ба? (иә-4, жоқ-16)
2. Сіздің әуестігіңіз бар ма? (иә-18, жоқ-5)
3. Егер сіздің жұмысыңыз алға баспаса, «Мұндай нәрсе тек менде ғана болады» - деп айтасыз ба? (иә-6, жоқ-12)

4. Біреудің сізді көре алмайтынын білсеңіз қуанасыз ба? (иә-16, жоқ-2)

5. Егер сіз туралы біреу жалықтыратын, сүйкімсіз адам ретінде пікір айтса, намысыңыз келе ме? (иә-3, жоқ-12)

6. Сіздің танысыңыз да сіздің басыңыздан өткен ұнамсыз жайттар болғанын білу сізге қандай да бір жұбаныш әкеле ме? (иә-2, жоқ-16)

7. Қандай да бір істің Сіздің қатысуыңызсыз жақсы жүріп жатқанына көзіңіздің жетуі сізді қобалжыта ма? (иә-2, жоқ-16)

8. Лотереядан көп сома ұтып алу тілегі сізде жиі бола ма? (иә-4, жоқ-20)

9. Туыстарыңыз немесе достарыңыз қымбат зат сатып алғанын білсеңіз, сіздің тамырыңыздың соғуы жиілей ме? (иә-1, жоқ-20)

10. Сіз үлкен көлемдегі тыңдаушылардың алдында пікіріңізді айтуды ұнатасыз ба? (иә-1, жоқ-3)

Жиналған ұпай санын санап, алынған соманың шешімін алыңыздар.

120 ұпайдан жоғары – өзіңізге өзіңіздің көңіліңіз әбден толады. Бірақ өзіңізге сын көзбен қарауға, нақты өзіңізді бағалауға қабілетіңіз жетпейді. Бұл жағдайды жақындарыңыз бен достарыңыздың көмегімен анықтауға және бағалауға тырысыңыз.

60 – 120 ұпайға дейін – сіз өз күшіңізге жеткілікті түрде сенімдісіз, бірақ шексіз өзіңізге көңіліңіз толу мен өзіңізді ұнатудан аулақсыз.

60 ұпайдан төмен – сіз өзіңізге ұнамайсыз. Өзіңізді қолға алыңыз және сенімді болыңыз. Айналаңызға қараңыз, өзіңізді жете бағаламайтыныңыздың мүмкін екенін ойланыңыз.

4. «Ұжымдық сурет» әдісі.

5. «Эмоция» жаттығуы.

Педагогтар өз бойларындағы әртістік қабілеттерін, әрекеттерін көрсете отырып, бет-әлпет қимылын жасау арқылы текшеде берілген адамдарды сомдап шығу. (дәрігер, шоппыр, мұғалім, аспазшы, директор, т.б.)

6. «Кездескенше» жаттығуы.

Барлығымыз шеңбер жасап тұрамыз.

- Менің қолымда кішкене ғана күн бар. Ол күн сіздерге жылу, қуаныш, табыс, бақыт, сүйіспеншілік сыйлайды. Сіздер оны бір-бірлеріңізге беріп, тренингтен алған әсерлеріңіз туралы пікір білдіру арқылы әріптестеріңіздің атына өз тілектеріңізді айтасыздар.

ҚУАНДЫРЫП БІЗДЕРДІ, МЕРЕКЕЛІ КҮЗ КЕЛДІ! (2 СЫНЫП)

Айгерім Уапқызы Құсайынова

Облыстық тіл мүкiстiгi бар балалардың
№3 мектеп-интернат
тәрбиешiсi,
Атырау қаласы



Тәрбиелік мақсаты: Оқушылардың күз туралы түсініктерін молайту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқау. Табиғатты аялауға, қоршаған ортаны, Отанын сүюге, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.

Коррекциялық мақсаты: сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеуін қалыптастыру.

Әдісі: тәрбиелік шара

Көрнекілігі: мультимедия, шарлар, жапырақтар

Жүру барысы

Жүргізуші: Қолшатыр биі

Күз - жыл мезгілінің бір. Күз - мерекелі, берекелі ай. Бүлдіршіндеріміз білім ордасына алғашқы қадамдарын жасайды. Әр бір шаңырақта той тойланып, көңілдері қуанышқа толы болады.

Өзім шіркін таңда туған шығармын.

Бүлтты аспанның жаңбырына құштармын.

Жаңбыр күні таңда туған шығармын,

Бұтағына отырып-ап шынардың,

Өлеңдеткен құс даусына құштармын.

Сол дауыстар туысымен тербетіп,

Сол дауыстан ақын болған шығармын.

Құрметті қонақтар! Міне, біз бүгін күз мерекесіне арналған “Қуандырып біздерді, мерекелі күз келді” атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Берекесін сыйлауға.

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға.

Мерекелі күз келді, – дей отырып ортаға “Алтын Күзді” шақырайық.

Хормен бірге: Сәлеметсіз бе, Алтын күз?

Алтын күз:

Амансыңдар ма, балғындар,

Күзгі бақтағы қонақтар.

Өздеріңе әкелдім,

Күздің сыйын көз тартар.

Алтын күз: Қайда менің жапырақтарым, келіндер. Ортаға шығып жапырақтар биін билейік.

Жүргізуші:

Топталған құстар қайтатын сынды,

Қия алмай бір ән айтатын сынды,

Көзіммен ұзақ ұзатып салып,

Тіледім аман қайтатын күнді, - дей келе ортаға күздің алғашқы айы - қыркүйекті

шақырамыз.

Қыркүйек:

Ажарланып жер енді,

Түрлі түске бөленді.

Су сылдырап күледі,

Қамыс айтып өлеңді.

Мектебіне тағы да,

Келді бала сағына.

Білім өмір шырағы,

Жол көрсетіп тұрады.

Жүргізуші: Қазан - күздің дәл ортасы. Құстар қайтып кетеді. Қазақ бұл айды “Қазан”, немесе “Ақырап” деп атайды. Дала жұмысы са-ябырлайды, қазан айын ортаға шақырамыз.

Қазан:

Сұрғылт мына қазанда,

Мұңайтады күн көзін.

Ерте тұрып азанда,

Серуен құрып жүремін.

Аспанды бүлт торлады,

Үдеп жаңбыр екпіні.

Жолаушыдай арбалы,

Алыстарға кетті үні.

Жүргізуші: Қараша - күздің соңғы айы, қыстың хабаршысы. Жердің топырағы тоң болып қатып, өріс тарылады. Қазақ бұл айды “Қараша” немесе “Қауыс” деп атайды. Келесі күздің соңғы айы қарашаны шақырамыз.

Қараша:

Әжеміздің бетіндей,

Тарам-тарам жол жатыр.

Қара шеңгел шетінде,

Қарауытып олжа тұр.

Еменді тұр тербетіп,

Ебі менен қыбына.

Жылтыр әйнек көл беті,

Коньки тақ та, зымыра.

Жүргізуші:

Күз мезгілі тамаша,

Көз тоймайды қараса.

Аяқ асты сап-сары,

Төселгендей алаша.

Жүргізуші: Балалар, күз туралы көптеген өлеңдер, жұмбақтар, әңгімелер өте көп, олай болса күз мерекесіне арналған «Екінші мен қасқыр» ертегісін тамашалаңыздар.

(рөлде қасқыр мен екінші)

Автор: Егінші таңсаріден егін орып, шаңқай түсте дем алады. Біраздан соң қасына қасқыр келеді.

Қасқыр: Адам сен не жеп отырсың?

Егінші: Нан.

Қасқыр: Маған да наныңнан берші. Егінші нанынан үзіп береді. Қасқыр нанды жейді.

Қасқыр: Сенің тамағың дәмді екен. Менің де күн сайын тамақ жегім келеді. Сен маған оны табудың жолын үйретші.

Егінші: Алдымен жер жыртасың, одан соң тырмалайсың.

Қасқыр: Содан соң нан бола ма?

Егінші: Жоқ, жоқ! Күзде қара бидай егесің. Ол көктемде көгеріп жер бетіне шығады, ал, жаз ортасында піседі.

Қасқыр: Содан соң нанды жеуге бола ма?

Егінші: Қайда әлі! Қара бидайды ору, оны байлау керек. Ол бауларды жақсылап жел қағып, күнге кептірген соң қырманға апарып маялау керек.

Қасқыр: Содан соң нан бола ма?

Егінші: Жоқ, қара бидайды жиып алған соң бастыру керек, бастырып алған соң бидайды, диірменге апарып ұнқып тарту керек.

Қасқыр: Содан соң нанды жеуге бола ма?

Егінші: Жоқ әлі! Қамыр ашытып, оны илеп пісіру керек.

Қасқыр: Сонда нан бола ма?

Егінші: Иә, сонда нан болып, жеуге жарайды.

Қасқыр: Бұл өте ауыр әрі көп уақыт кететін жұмыс екен. Мен мұны кәсіп етпей-ақ қояйын.

Жүргізуші: - Балалар, күзде біз қандай өнім аламыз? Соның ішінде қазақ еліне не қымбат?

- Бидай.

- Онда сол бидайды ортаға шақырамыз.

Бидай:

Мен өстім биік,

Күн көзін сүйіп.

Масағының ішіне,

Алтын дәнді түйіп.

Жүргізуші: Бидайдан не аламыз?

Хормен бірге: Нан.

Жүргізуші: Дұрыс. Енді нанға байланысты тақпақ айтатындарың бар ма? (балалар өлеңдерін жатқа айтады)

1. Нан туғызды жыр-әнді,

Нан туғызды ұранды.

Нанды алуға болады,

Басып тұрып Құранды.

2. Нан дегенің - құдірет

Нанның бізде түрі көп

Нан болмаса -

Тірлік те,

Байлық та,

Бақ та бірі жоқ.

3. Нанмен өмір сәнді де,

Нанмен өмір мәнді де,

Дастарханда нан тұрса,

Шырқайды жұрт әнді де.

Жүргізуші: Балалар, күз мезгілінде не өседі?

Балалар: Көкөністер мен жеміс-жидектер

Жүргізуші: Балалар, біз қандай көкөністер мен жеміс-жидектерді білеміз?

Балалар: Қияр, қызылша, жүзім, өрік, шие, асқабақ т.б.

Жүргізуші: Ал енді күзгі көкөністер мен жемістерге кезек берейік.

Қияр: Мен қиярмын, қиярмын.

Дәмділікті жиярмын.

Салаттардың сәнімін

Қараңдаршы, қандай мәндімін.

Қызылша: Пісетін кезі дәл күзде.

Мезгілсіз оны үзбе.

Оның аты – қызылша.

Жей бер қарның тойғанша.

Алма: Мен алмамын, алмамын,

Таңдар тұмар бұл дәмін.

Дастарханға көрік беріп,

Келтіремін бар сәнін.

Шие: Мен маржандай шиемін,

Күн сәулесін сүйемін.

Жемістерім піскенде,

Жерге басымды иемін.

Асқабақ: Қауыннан да басқарақ,

Қарбыздан да басқарақ.

Семіріпті бақшада,

Қандай болып асқабақ.

Жүзім: Мені бәрі жүзім дер,

Бір-бірлеп-ақ үзіп жер.

Дәмі кетпей аузынан,

Жеген адам шырын дер.

1. Ағаштардан жапырлап,

Ұшты кенет жапырақ.

Ой, алақай тамаша,

Шашу шашты жапырақ.

2. Алтын нұрдай тамшылап,

Жапырақтар төгілді.

Біздің өмір таң шуақ,

Біздің өмір көңілді.

Алтын күз: Ал енді, балалар, күзгі жемістермен жидектер туралы ойын ойнасақ қайтеді.

1. **Кім жылдам ойыны.** Шарты: Ойынға қатысушы көзін байлап көкөністер мен жемістерді тауып, атын атау.

2. **Кім епті?** Шарты: Көкөністер мен жидектердің жарты бөлігін тауып құрастыру, түсін, атын айту.

3. **Күзгі жапырақтар.** Шарты: Сары, қызыл, жасыл жапырақтарды жайып, себетке салу керек. Жапырақтардың түсін ажыратуы қажет.

4. **Үйеңкі, жөке, қайың.** Шарты: Жапырақтарды талға тізіп, соның ішінде жөке жапырағын мұрнымызбен дем алып үреміз.

Ән: Жас дәуірдің түлегіміз

Жүргізуші:

Тілегім: аман болсын ел іргесі.

Алтын күз қайта келді берекелі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз ырыс, береке ала келді.

Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар.

БЫТЬ ТРУДОЛЮБИВЫМ

Гульмира Шайдуллина

Педагог-психолог средней школы №1,
Мугалжарский район, г. Эмба,
Актюбинская область

Цель: расширять представление учащихся о значимости труда в жизни человека.

Задачи:

- раскрытие значения понятия «трудюбивый человек»;
- развитие стремления к участию в общественно-полезном труде;
- воспитание трудолюбия и уважительного отношения к труду других людей.

Круг радости

Минусовка к песне.

Песенка Леопольда

Мне сегодня весело с самого утра,
Напеваю песенку про свои дела,
А дела прекрасные, все мне по плечу,
И скажу не хвастая, горы сворочу!

Припев:

Никогда не теряй,
Не теряй своей мечты.
Твердо верь, твердо знай:
Все на свете можешь ты!

Если получается все наперекос,
Не впадай в отчаянье и не вешай нос.
В самом трудном случае хвост держи трубой,
И тогда получится все само собой!

Припев:

Никогда не теряй,
Не теряй своей мечты.
Твердо верь, твердо знай,
Все на свете можешь ты!

До чего же весело делать чудеса,
Строить лодку с парусом и сажать леса.
Выпекать пирожные, земли открывать,
Для людей хорошие песни напевать.



Беседа

Стихотворение В.Брюсова

В мире слов разнообразных,
Что блестят, горят и жгут,
Золотых, стальных, алмазных,
Нет священной слова - ТРУД!

Все, что пьем мы полной чашей,
В прошлом создано трудом,
Все довольство в жизни нашей,

Все, чем красен каждый дом!

1. Для чего человеку необходимо трудиться?
2. Как вы понимаете выражение «труд облагораживает человека»?
3. В чем ценность и значение труда?

Установленные в ходе беседы выводы о значимости труда закрепляются на этапе осмысления цитаты урока. Для этого учитель предлагает прочитать пословицу и высказать свои размышления о ее смысле.



Землю солнце красит, а человека труд.
(Народная мудрость)

Как вы понимаете смысл этой поговорки?

Сказка «Семейная драгоценность» (**чтение**)

1. Как кузнец догадался о хитрости сына?
2. Почему для кузнеца его инструмент дороже всех богатств?

Учебная информация

В качестве обобщения и подведения итогов урока предлагается ученикам прочитать текст учебника в рубрике «Узнаем новое».

Трудолюбие

Важное положительное качество характера человека, которое можно развить самовоспитанием и работой над собой. Трудолюбивый человек отличается любовью к труду, усердием в работе.

Умение честно и добросовестно трудиться способствует духовному и физическому совершенствованию человека, помогает достичь ему поставленных целей.

Упражнение

Учащимся раздаются карточки с частью поговорок о труде. Передвигаясь по классу, ученики ищут вторую ее часть.

1. За все братья - ничего не сделать.
2. Землю солнце красит, а человека - труд.
3. Человек от лени болеет, от труда здоровеет.
4. Кто труда не боится, того и лень сторонится.
5. Где охота и труд, там поля цветут.
6. Ученье и труд рядом живут.
7. Труд без пользы - то же безделье.
8. За всякое дело берись умело.

Труд школьника



Учеба в школе, выполнение домашних заданий – серьезный труд. Бывает так, что ученик занят не меньше взрослого.
Наша задача – приучить ребенка трудиться правильно, не нанося вред здоровью, т.к. учеба – это главный труд школьника.



Чтение

История из жизни знаменитого пианиста Эмиля Гилельса.

1. Кем мечтал стать Эмиль?
2. Какие качества характера помогли Эмилю осуществить свою мечту?

Заключение

Человек, уверенный в себе, обладающий волей и созидающий во благо людей, способен преодолеть любые препятствия на пути к своей цели.

«Ұшқыр ой»

М.Е.Ахметова

Жалпы білім беретін Сырым орта
мектеп-балабақша кешенінің
психологы, БҚО

Мақсаты: Қазіргі таңда баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің үлесі мол. Жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар қажетті қасиеттерді тәрбиелеуде.

Барысы: «Танысу» жаттығуында сайысқа қатысушылар алдымен есімін өзінің жақсы қасиетімен байланыстырып айтуы керек.

Мысалы: Айгүл - ақылды, Самал - салмақты, Дархан - дарынды. т.с.с.

1-жүргізуші: Армысың барша халайық,
Тапқыр ойшылды табайық
Сайыс атты алаңға
Зер салып қарайық.

2-жүргізуші: Уа, жарандар, жарандар!
Бізді тосып қараңдар!
Ғылымдардың ғылымы - психология пәні,
Жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақты
Жасырайық, бастайық.

1-жүргізуші:
Уа, халайық, халайық!
Психология ғылымына зер салайық,
Бір мақал, бір жұмбақ жасырып,
Санамызға сақтаймыз,

Ел сенімін ақтаймыз.

Қол соғып, қошеметтеп,
Сайысымызды бастаймыз.

2-жүргізуші:

Білімнің сарқылмас кеңдігі,
Басталды сайыс енді міне.

Жарыс туын желбіретіп биікке,
«Зейін» мен «Ерік» тобы келді бізге. (Екі топ ортаға шығып тұрады).

1-жүргізуші:

Көрермен бұл жарысты көріңіздер,
Қазақтың ұл-қыздары төріңізде,
Иіліп сәлем береміз сіздерге.

2-жүргізуші:

Әділқазы алқасымен таныстырып,
Әділ бағасын беруін сұраймыз.

1-жүргізуші:

I сайыс. Таныстыру. (Екі топтың сәлемдесуі)

«Зейін» тобы:

Асыл да, ардақты,
Әрқашанда салмақты.
Есте болып, өнер құған ұл-қызбыз,
Сәлем сіздерге жалынды!

«Ерік» тобы:



Иіліп сәлем береміз баршаңызға
Еңбек еттік ерінбей,
Жалқаулықтан арылып,
Сүмбі талдай өрімдей,
«Ерік» тобы төріңде.

2-жүргізуші:

II-сайыс. Екі топтың әділқазыларға ән шашуы.

«Зейін» тобы:

Әділқазы алқасына
Үлкен үміт артамыз
Әділ шешім болса егер,
Риза болып қайтамыз.

«Ерік» тобы:

Құрметтейміз, әділ үшін
Әділқазы алқасын!
Риза болып шешіміне
Оқушылар мақтасын.

III сайыс. (Екі топқа жаңылтпаштар жасыру)

1-жүргізуші:

Заңгер меңгергенді,
Дәрігер меңгере ала ма?
Дәрігер меңгергенді,
Заңгер меңгере ала ма?
Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!
Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді,
Ауырды Арман бала да,
Арбамен тасып береді.

IV сайыс. Жұмбақ. (Екі топ бір-біріне бес жұмбақтан жасырады)

2-жүргізуші: Зейін тобына

1. Екі ағайынды,
Екеуі де бір үйде,
Бірін-бірі көрмейді. **(Көз)**
2. Күмбір-күмбір қарағым,
Қартайғанша жарадың. **(Құлақ)**
3. Ти, ти десем тимейді,
Тиме десем тиеді. **(Ерін)**
4. Бір минутта дүниені аралайды,
Сонда да шаршамайды. **(Ой)**
5. Сәуле астында жүз ине. **(Кірпік)**
6. Қос қабыршақ қабысып,
Қарбызға тұр жабысып. **(Құлақ)**
7. Беткейді қар жауды,

Кетпеске айналды. **(Шаштың ағаруы)**

«Ерік» тобына:

1. Кішкене ғана тостаған,
Жер дүниені бастаған. **(Көз)**
2. Отыз екі орағым бар ғажайып,
Әттең, кейін кетеді ғой азайып. **(Тіс)**
3. Бір минутта дүниені аралайды,
Сонда да шаршамайды. **(Ой)**
4. Бес ат, бесеуі де қасқа ат. **(Бес саусақ)**
5. Он айда мен аламын он жаңа айды,
Он жаңа айды алсам да ол таусылмайды.

(Тырнақ)

6. Күмбір-күмбір қарағым, қартайғанша
жарадың. **(Құлақ)**
7. Он кемпір мұз арқалап тұр. **(Тырнақ)**

Y сайыс. Мақал-мәтелдер. (Бірінші топ бастайды, келесі жолын екінші топ жалғастырып айту. Әр топтан алты-алтыдан айтып, жарысу)

1-жүргізуші:

«Зейін» тобына:

1. Ақылды адам ерінбейді, (қуатты адам сүрінбейді).
2. Ашу - дұшпан, ақыл дос, (ақылыңа ақыл қос).
3. Ақыл - арман, (ой-өріс).
4. Ақыл азбайды, (әділдік тозбайды).
5. Еңбек - өмірімді ұзартады, (ұят - бетті қызартады).
6. Ақыл адам көрігі, (ақылдың сабыр серігі).
7. Ақыл тозбайтын тон, (білім таусылмайтын кен).

«Ерік» тобына:

1. Ақыл - дария, (ой - теңіз).
2. Жақсы сөз (жан азығы).
3. Ойнап сөйлесең де, (ойлап сөйле).
4. Мал сақтама, (ар сақта).
5. Жақсының сөзі (жырмен тең).
6. Артық сөйле, кем сөйле (таразылап тең сөйле).
7. Жаман сөз жылытады (жақсы сөз жұбатады).

«Жануарлар бейнесі» жатығуы. Екі топқа екі жәшік беріледі. Ішінде жануарлардың аты берілген парақтар бар, соны қимыл-әрекетпен көрсету керек. Қарсы топтағы оқушылар «қандай жануар» екенін табуы шарт. Әділқазы алқасының қорытындысымен екі топ бағаланады.

Джон Рокфеллердің ұстанымдары



Адамзат тарихында ең бай адам Джон Рокфеллер болып саналады. Оның байлығын бүгінгі бағамен есептесек ол 200 млрд. долларды құрар еді. Қомақты сома. Бұл дегеніңіз бүкіл Қазақстанның 2012 жылғы жалпы ішкі өніміме пара-пар. Рокфеллер еңбек қызметін қарапайым есепшіден бастап, 1916 жылғы 29 қыркүйекте алғашқы долларлық миллиардер атанды.

Бизнеспен айналысу барысында Джон Рокфеллер өзінің белгілі бір ұстанымдарына берік болды. Бұл қағидаттар байлығын сақтап қана қоймай, оны көбейтуге септігін тигізді.

Ендеше Рокфеллердің ұстанымдарымен танысайық:

1. Басқа біреуге аз жұмыс істе. Неғұрлым өзіңе көп жұмыс жасамасаң, соғұрлым нашар өмір сүресің.

2. Ақшаны үнемде. Тауарды арзан және көтермелеп сатып алатын жер ізде. Сатып алынатын заттардың тізімін алдын ала жоспарла және тізімде барын ғана ал.

3. Егер сенде ақша аз болса, кәсіп жаса. Егер мүлдем ақша жоқ болса – дереу жаса! Дәл қазір!

4. Мол байлыққа пассив табыс арқылы ғана жетуге болады. Ол – сенің күш-жігеріңе қарамастан келетін табыс. Пассив табыс көзін тап та, рахаттана өмір сүр.

5. Айына ең кемі 50 000 доллар табуды

ойлан. Көп болса да жақсы. Бірақ одан кем емес!

6. Ақша басқа адамдар арқылы келеді. Адамдармен аралас. Араласпайтын адамдардың бай болуы сирек жағдай.

7. Әрқашан жеңімпаз және оптимист адамдармен араласу керек. Иә, дәл солай, жеңімпаздар мен оптимистер!

8. Кедейшілік жауапкершіліктен қашқанда пайда болады. Сыныққа сылтау іздеме, өз мақсатыңа жету үшін неге осы қазірден бастап қимылдамайсың?

9. Әлемнің ең бай адамдарының өмірбаяндары мен ойларын зертте.

10. Арман – сенің өміріңдегі ең маңызды нәрсе. Арманыңды кәсіби бизнес-жоспарларға айналдырып, оларды толық нәтижеге дейін жүзеге асыр!

11. Адамдарға риясыз, шын жүректен жәрдем ет. Тек өзің қалағандарға. Пайдаңның 10 пайызын қайырымдылыққа жұмса.

12. Бизнес-жүйелерді жаса және тапқан ақшаңа рахаттан.

Әлемнің ең бай адамы туралы Аллан Невинстің «Джон Рокфеллер. Өнеркәсіпші және филантроп (қайырымдылық қызметпен айналысушы адам)» атты кітабынан оқи аласыздар. Бұл кітап бүкіл адамзат тарихына зор ықпал еткен тұлға туралы сыр шертеді.

www.imurat.kz

Көмекші мектептегі оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуының арнайы педагогикалық дидактикалық алғышарттары

Сайлаубаев Жандос Зарыққанұлы

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, магистратура және Phd докторантура институты «Психология және арнайы білім беру» кафедрасы «Дефектология» мамандығының магистранты



Шығармашылық дегеніміз - адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Ал көмекші мектептегі оқушылардың шығармашылығын дамыту кезінде жан-жақты ойланып баланың даму деңгейін зерттеп арнайы шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып түзете-дамыту жұмыстарын қолданған дұрыс.

Көрнекті психолог Л. Выготский «шығармашылық» деп жаңадан ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я. Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені, әрбір жаңалық жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді.

Зерттеле келе шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары «шығармашылық» сөзімен, «жаңалықпен» қатар «бастамашылдық, белсенділік» ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері бойынша белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа

бейімдеуге болатыны көп айтылуда.

Адамның шығармашылыққа деген құлшынысы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруына жол ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып оның «әрекет» ұғымымен тығыз байланыста екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Әрекет шығармашылықты тудырып, оны нақты болмысқа айналдырса, ал шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын, тиімділігін анықтайды. Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қабілеттер қалыптасады, әрі қарай дамиды.

Зерттеушілер шығармашылық әрекетке әр түрлі анықтама береді. Мысалы, И. Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, нысанның жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді.

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық емес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Сол себепті де көмекші мектептегі оқушылардың ойлау қабілеттері төмен деңгейде болады. Осы мәселелерді ескере отырып көмекші мектептегі оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға арналған арнайы әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Ал шығармашылық ойлауға ойдың жылдамдығы, ұшқырлығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі жатқызылады.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: - «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан ешнәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екінші - өзіне-өзі риза болмаушылық сезімі, үшінші – жалқаулық. Ондай жағдайда көмекші мектептегі баланы құтқарудың жолдарын табу:

- Көмекші мектептегі оқушылардың арнайы шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай жасау;

- Арнайы шығармашылық бағытқа көмекші мектептегі баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру.

Көмекші мектептегі оқушылардың арнайы шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

- арнайы тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;

- арнайы арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;

- арнайы логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу;

- арнайы берілген тапсырманы түрлендіру яғни қызықтыру бағытындағы жұмыс;

- арнайы әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;

- арнайы қиялдау арқылы сурет салғызу;

- арнайы ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру;

- арнайы ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;

- арнайы мәтін, әңгіме, ертегіні өз бетінше аяқтау.

Көмекші мектеп жағдайында сабақтан тыс уақытта оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетін дамытудың жұмыс түрлері:

- арнайы әртүрлі кездесулер өткізу;

- арнайы әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру;

- көмекші мектептегі балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану.

Осындай арнайы жұмыстарды үнемі жүргізу көмекші оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше

ізденуге зор әсерін тигізеді.

Арнайы шығармашылық жұмыстар көмекші мектептегі оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсендікке ынталандырады.

Шығармашылық қабілет – бұл бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері – шығармашылықтың нәтижесі. Көмекші мектептегі баланың қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау арнайы психология мен арнайы педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді.

Шығармашылық мәселе сан қырлы: оған философиялық-эстетикалық, мәдениет танымдық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық аспектілер кіреді. Ал оның өмір сүруінің өзегін табу үшін кешенді қатынас қажет. Педагогика жеке тұлғаның шығармашыл қорының жетілу көзқарасын, шығармашыл бастамалардың қалыптасу механизмдерін тудыру әрекеттері барысында шығармашылықты қарастырады.

Шығармашылық тек қана ғылымда, әдебиет және бейнелеу өнеріне ғана емес бүкіл адамзат қызмет аймағында қажет. Қазіргі көмекші мектептегі мектепте оқитын балалар бірнеше жылдан соң өз бетінше өмір сүруге көшіп үлкен ер азамат болады сол үшін әлеуметтік ортаға бейімдеуіміз керек. Арнайы саяхат сабақтарын ұйымдастыруымыз керек және де ол көмекші мектептегі балаға өте қызықты болуы керек. Әрине, оған еңбек етіп, өз жұмысын ұнатудан басқа шығармашылық қабілетте қажет-ақ. Ал оны іске асыру үшін көмекші мектептегі оқушыларды тапсырмаларды орындау барысында жаңа жолдарды, тәсілдерді іздеп таба білуге, яғни мектеп курсының материалдарын шығармашылықпен игеруге жүйелі түрде тәрбиелеу қажет.

Арнайы шығармашылық іс-әрекетке баулу жаттығуды қажет етеді. Әрбір өз бетінше шешілген қиыншылықтар шығармашылық қызметті ұштай түседі.

Өз еңбегінен қанағат алатын, өз күшін сынап көруге болатын, белгілі нәрсенің жаңа жақтарын өз бетінше ашуға болатын, жинақтылықты, шығармашылық қиялды, интуиция, фантазияның жинақталуын талап ететін тапсырмалар және өз бетінше берілетін жұмыстарды көмекші мектептегі оқушылар

жоғары бағалайды. Оқудан қанағат алуға ықпал жасайтын, шығармашылық қуаныш әкелетін тапсырмалар, өз бетінше жұмыстар дайындау - дефектологтың оқу-танымына шығармашылық элементін енгізе білуі мен оқу үрдісін танымдық және шығармашылық бағытта жүргізуге ұмтылысы айқын екендігін аңғартады.

Шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар көмекші мектептегі оқушылардың танымдық және эстетикалық қажеттіліктерін бір мезгілде ғана қанағаттандыруға септігін тигізеді. Арнайы шығармашылық қабілеттің бірден қалыптаспайтындығы белгілі. Көмекші мектептегі оқушылардың арнайы шығармашылық жұмыстардың алғашқы күнінен-ақ бұл мәселе арнайы педагогикалық ұжымның назарында болуы тиіс. Көмекші мектеп курсының әрбір пәні оқушының шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға үлес қоса алады. Әсіресе математика, еңбек, бейнелеу өнері, дүниетану пәндерінің қосар үлесі мол.

Көптеген авторлар атап өткендей, шығармашылық қызметтің түрлерін сабақтың төмендегідей дидактикалық мақсаттары бойынша жіктеуге болады:

- а) арнайы білім алу мақсатында зерттеу;
- ә) арнайы білімді түзете-дамыту мақсатында зерттеу;
- б) арнайы білімді бекіту мақсатында зерттеу (М.А.Данилов, М.Н.Скаткин және т.б.).



АҚАЖАНОВА Алма
психология ғылымдарының докторы,
профессор

АУТАЛИПОВА Ұлдар
психология ғылымдарының кандидаты,
доцент

БАЙЗДРАХМАНОВА Әлия
практикалық психолог

БАПАЕВА Мәриям
психология ғылымдарының кандидаты,
доцент

БОГАЧЕВА Наталья
PhD докторы
(психология бағыты бойынша)

ҚАБЕКЕНОВ Ғабит
PhD докторы
(педагогика бағыты бойынша)

МҰСТАФАЕВ Сәдуақас
медицина ғылымдарының докторы,
жоғарғы қоғамдық денсаулық сақату
мектебінің профессоры

МЫРЗАТАЕВА Бибімәриям
психология ғылымдарының кандидаты

ШЕРЬЯЗДАНОВА Хорлан
психология ғылымдарының докторы,
профессор

Құрметті авторлар!

«ҚЫЗЫҚТЫ ПСИХОЛОГИЯ» журналында жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Жарнаманың мазмұнына, фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Уважаемые читатели и авторы!

Опубликованные материалы в журнале «ҚЫЗЫҚТЫ ПСИХОЛОГИЯ» не отражают точку зрения редакции. Ответственность за содержание рекламы и достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.